


П И О Н Е Р



Июль

1949 жыл
Алматы

№ 7



ЖАС ПИОНЕРЛЕРДІҢ САЛТАНАТТЫ УӘДЕСІ

Мен, Советтік Социалистік Республикалар Одағының жас пионері, Ленин — Сталин ісі үшін, коммунизм жеңісі үшін күресте тапжылмас табанды боламын, деп жолдастарымның алдында уәде беремін.

Мен өзімнің Социалистік Отанымның лайықты азаматы болу үшін адал өмір сүріп, қажымай оқыймын, деп уәде беремін.



СОВЕТ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЕҢ АРДАҚТЫ
ДОСЫ — ҰЛЫ СТАЛИН ЖАСАСЫН!



Иосиф Виссарионович
СТАЛИН

ЖАС ПИОНЕРЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ II СЛЕТІНІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!



Пионерлер салтанаты

Алматы бүгін ерекше түрге енген, салтанатқа бөленген. Бау-бақпалы көркіне жаңадан бір көрік, сәулет қосылғанға ұқсайды. Көше-көшесіне қызыл жал-аулар ілінген, парктері, стадиондары тамаша безенген. Алматы жұртшылығы, әйтеуір, бір құрметті, сыйлы қонақтарды қарсы алуға әзірленуде. Түпті күнделікті көз таныс троллейбустары мен трамвайлары да өзгеріп, әдеміленіп кеткен тәрізді.

Кімдер екен ол келетіндер?

Түп. Соңғы троллейбус паркіне қайтып келеді. Қарт жүргізуші Сәменов қасындағы кондуктор Таян қыздан:

— Шырағым, Алматы кімдерді қарсы алмақ боп әзірленіп жатыр, осы?—деп сұрады.

—Елеке, естіген жоқ па едіңіз? Қазақстанның жер-жерінен көптеген балаларыңыз келеді. Жас ұландар бас қосады осында.

—Е, жас қонақтарды серуендетеді екенбіз ғой,—деді қарт көңілденіп.

Ие, Алматыға жас пионерлердің республикалық II слетінің делегаттары келеді. Астана қонақтарды жақсылап қарсы алуға әзір.

Слет—пионерлер өміріндегі ең елеулі уақытқа Пионерлер өздерінің жыйындарында слетке делегат етіп оқу отличниктерін, жас таланттарды, ең жақсы жолдастарын сайлайды. Слетте пионерлер өздерінің игілікті істері, оқуы, қоғамдық пайдалы жұмыстары жөнінде айтады, олар жұмыстарының тәжірибелерін, тамаша табыстарын ортаға салады.

Қазақстан пионері ұйымы—Владимир Ильич атындағы пионер ұйымының жауынгер отрядтарының бірі. Оның қатарында жарты миллионнан астам пионер бар. Пионер ұйымы партияның және комсомолдың басшылығымен пионерлерді коммунистік рухта, ұлы Отанымызға, большевиктік партияға берілгендік рухта тәрбиелеп келеді.

Еліміздің игі жақсы адамдарының ішінде күні кеше мойындарына қызыл галстук тағып жүргендері көп-ақ. Айтайық, Қазақстан пионерлерінің I слеті 1930 жылы шақырылған болатын. Сол, I слет кезіндегі пионер Мәлік Ғабдуллин—қазір Совет Одағының Батыры, ғылымдар кандидаты. I слет кезіндегі пионерка Шабал Бейсекова, қазір Сталиндік сыйлықтың лауреаты, республикамыздың еңбегі сіңген артисесы.

Пионер жыйындары мен жорықтары, мұғалім мен жоқатыйдың көстер басындағы әңгімелері Мәлік пен Шабал және олар тәрізді мыңдаған жас адамдарымызды Отанымызды шексіз сүйеге, халық үшін адал қызмет етуге баулыи білді.

I слеттен бері 20 жыл уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде Қазақстан пионері ұйымы талай-талай игілікті жұмыстар істеді. Пионерлер оқуды басты міндетіміз деп біліп, ғылым негіздерін меңгеруде, сапалы тәртіпті нығайтуда мектеп пен мұғалімге көмектесті. Әр алуан үйірмелер құрып, өнер үйренді. Қызықты жорықтар, саяхаттар ұйымдастырып, туған өлкені зерттеді. Олар әсіресе соғыс жылдарында, үлкендерге жәрдемдесіп, қоғамдық пайдалы жұмыстарға белсене атсалысты. Бүгін таңда да республикамыздың пионерлері өздерінің ата-аналарын, мұғалімдері мен жоқатыйларын отлучно оқумен, жігерлі еңбегімен қуанышқа бөлеп отыр. Олар өздерінің слетіне де татымды табыстармен келетіндігі сөзсіз.

Бақытты жас жеткіншектеріміздің мақсаты мен арманы социалистік Отанына, ағалары большевиктік партия мен Ленин-Сталин комсомолына лайықты іні, ардақты азамат болып өсу. Олар кең байтақ жерін, туған елін мақтанып етеді, жырға қосады.

Лениндей және Сталиндей боп ғылымпаз,

Тек алға басу салтымыз,—деп жырлайды еліміздің жас пионерлері. Бүкіл совет халқымен бірге, жас ұландарымыз да алға қарай, коммунизмнің нұрлы шыңына қарай құлаш ұруда.



ЖАС ПИОНЕРЛЕР ЖЫРЫ


Сөзі Б. ИСҚАҚОВТІКІ
Музыкасы Б. ФИЗАТОВТІКІ

Біз — Ильичтің ұрпағымыз,
Ұлы Сталин ұлымыз.
Мойнымызда галстүк бар } екі рет
Қолда қызыл шұбымыз.

Шынбағамыз болашпай боп,
Өседі жас санамыз.
Оқуда да, еңбекте де } екі рет
Үнемі алда боламыз.

Халық үшін қайрат жұмсап,
Елге арнаймыз өмірді.
Сталиннен үйренеміз
Күрестерде жеңуді.

Дақ салмаймыз халқымыздың
Ежелгі ерлік салтына.
Біз, пионер, қосамыз даңқ } екі рет
Большевиктер даңқына.



466429

Оқу — білім азығы

И. КӨБЕЕВ.

Қазақ ССР-ның халық мұғалімі, Жоғарғы Советтің депутаты



Балалар, еліміздің қартасына көз жіберіңіздерші. Оның бетбейнесі сталиндік бесжылдықтар тұсында мүлде өзгерді. Бұрын аясында ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа ешбір өмір жоқ меңіреу далаларда қазір сәулетті қалалар, алып заводтар орнады, темір жолдар салынды. Колхоздар мен совхоздарда колхозшылардың, жұмысшылардың балалары оқитын бастауыш, жеті жылдық, орта дәрежелі мектептер ашылған. Мектептерде мыңдаған балалар коммунизм рухымен тәрбиеленіп, білім алады.

Қазақстандағы көп мектептердің бірі Меңдіқара ауданындағы (Қостанай облысы) Ақсуат орта мектебі. Мен осы мектепте мұғалім болып істеймін. Орыс тілінен 5-6 кластарға сабақ беремін.

Балалардың кешкілікте келер күнгі сабаққа даярланып отырғанын көріп, жаның рахаттанады. Кең, жарық класс. Сабақ оқып отырған жәңілді балалар, класс-класты аралап, балалардың түсіпбеген сұрақтарына жауап беріп жүрген мұғалімдер.

Жасым тоғызға келгенде, әкем мені мұсылманша оқуға берді. Молдамыз тоғыз кісі еді. Ол кезде баламын оқуға бергенде, баламның жаны менікі, тәні сенікі деп беретін (ол сөзге мен түсінбейтінмін). Жазды күнгі тәтті ұйқыны бұзып, күн шыға мектепке барып жылқы келгенше оқып, жылқы келген соң қайтамыз. Бір күні молла қолындағы тобылғы шыбығымен мені жазықсыздан-жазықсыз дүренің астына алды. Таяқ ештең өтті, сүйекке жетті. Қыр астында ауыл бар еді. Жылмен отырып ауылға келдім. Молданың таяғын сындырып лақтырып жібергенім. Келіп әжеме арқамды көрсеттім, Жеген таяғымды көріп, үй іші болып ренжіді Әжеме жылады. Ең алдымен Кәмел деген ағай — оқымай-ақ қой, быйыл күзде Сауытбайдікінде орысша оқытатын мектеп ашылады, содан оқырсың, — деді. Сол сөз маған қамшы болды да, орыс мектебінен оқуға бел байладым Әкем де орысша оқытуға бел байлады.

Орысша оқытатын бірінші мектепті қазақ ауылында, Сауытбай деген болыстықінде қазақ халқының атақты ағартушысы Ыбрай Алтынсарин келіп, тәй жасап тұрып ашты.

Әкем артына мінгестіріп, мені де соған алып барды. Менің оқуға келгенімді көрген бір бай:

«Қой бағуға жарамайтын бала, ағып қаңғып жүрсін? Сен де оқыйын деп жүрсін бе?» деді. Менде үн жоқ, мұңайып жыламсырап тұрмын. Сол кезде жапыма Ыбрай келіп, басымнан сыйнап:

—Неге оқымадың? Бұл бала оқыды. Атың кім? — деп сұрады. Аты-жөнімді айттым.

Бір орысша киінген жас жігітті шақырып алып:

—Мынау Көбеев Испандиярды жаз! Байлардың балалары оқымай кетсе де осыны оқыт, — деді. Ыбрайдың жылы сөзін есіткен менің қуанышым қойныма сыймай тұр.

Ол кезде мектепте тәлім-тәрбие жұмысы болмайтын «Тәрбие» жұмысының бірде-бір жолы-орыныыз қатандық болушы еді. Әлде қалай сабақты білмей қалған балаға бір мезгіл тамақ бергізбей, не тізесінен тақтайға отырғызып, не бұрыншқа төріс қаратып аяғынан тік тұрғызып қоятын.

Балаларым, мен 1901 жылдан бері қарай үздіксіз бала оқыту жұмысында болып келемін. Бірақ менің толық мағнасында мұғалімдік қызметім совет заманында, еңбекшілердің балаларын оқыта бастаған кезімнен басталды. Біздің елде ғана мұғалімнің еңбегі зор бағаланды.

Адал, дұрыс, мінсіз еңбегі үшін совет елінде мұғалімдер үкметіміздің ордендарымен және медальдарымен наградталады. Алдыңғы қатарлы қарт мұғалімдерге еңбегі сіңген мұғалім деген атақ беріледі. Мұның бәрі совет мемлекетінде жас ұрпақты оқытатын, оларды коммунистік рухта тәрбиелейтін мұғалімдерге деген сталиндік қамқорлықтың айғағы.

Ал, оқушы балаларым! Сендер гүлдеген бақытты еліміздің бақытты балаларысыңдар. Қайда барсаңдар да, сендерге жол ашық, Алдымен, мектепте жүргенде-тәртіпті берік сақтаңдар, Ата-аналарыңды, үлкенді сыйлаңдар. Оқытушының тілін алып, қадір тұтыңдар, Оқып жүрген сабақтарыңа ықыпалмен, жігерлене кірісіп, оқыңдар.

Ұлы ұстазымыз Сталинше оқып, Сталинше жұмыс істеп, социалистік отанымыздың ардақты ұлдары мен қыздары болып өсіңдер.

Көбеев И

Біздің мақтанышымыз

С. МҰҚАНОВ.

Қазақстан Совет Жазушылар Одағы президиумының председателі, жазушы.

«Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» дейді қазақтың данышпаны мақалы.

Адам баладан өседі. Адамның бала бүгінгі қуалышы ғана емес, болашақ өркендеуі.

Адамның болашағы балаға байланысты болғандықтан, бала бақытты болып, еркін болып, дені сау болып, білімді болып өсуге тиіс.

Қанаушы тап үстем боп тұрған кезде байдың балалары ғана бұла болып өсті де, еңбекші көпшіліктің балалары жоқшылықта, кемшілікте өсті. Бұған Алексей Максимович Горькийдің «Балалық шақ», «Кісі есігінде» және «Менің университеттерім» деген шығармалары жуә. Горькийдің балалық шағында басынан кешірген жоқшылығы мен кемшілігін барлық ұлттың да кедей семьядан шыққан, жетім қалған балалары басынан кешірді.

Еңбекші көпшілік бақытты тұрмысқа советтік дәуірде ғана жетті. Олардың балалары да осы дәуірде ғана бұла болып, еркін өсті. Советтік дәуірде ғана балалар коммунизм рухында тәрбиеленіп, ойып, пікіріп өрбітуге кең мүмкіндік алды.

Советтік дәуірдің балалары — саналы балалар.



Кішкене күндерінде октябрат болудан, одан өсе пионер болудан бастап, совет балалары социалистік қоғамның саналы мүшесі болуға даярланады.

Совет балаларының саналы балалар екендігі Отанымыздың бейбіт күндерінде де, соғыс күндерінде де, соғыстан кейінгі жылдарда да айқын көрінді. Бұған толып жатқан мысалдар барын бұл арада санап жатудың қажеті жоқ. Оған, совет балаларының бейбітшілік кездегі ерлік істерінен алынып жазылған «Тимур және оның команда-

сы» немесе «Полк баласы» атты шығармалар куә. Бұндай шығармаларды оңдап санауға болады. Алдағы күндерде де ондай шығармалар жазылмақ.

Шақырылып отырған Қазақстан пионерлер слеті, республикамыздың саналы совет балаларының кәзіргі істерін қорыта көп, болашақ істеріне жол сызбақ. Бұл слет, балалар тақырыбына шығарма жазып жүрген жазушыларымызға да көп материал бермек. Сондықтан біз Қазақстан жазушылары да слеттің жемісті болуына шын көңілден тілектеспіз. Өйткені совет балалары, совет пионерлері — біздің мақтанышымыз.

С. Мұқанов

Тамаша ғылым

Х. ЧУРИН.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылыми академиясының қазақ филиалы президиумының председателі.

Пионерлердің республикалық слеті даңқты кезеңде жыйналып отыр. Бұл кезеңде бүкіл советтік биология ғылымы майданында еліміз тамаша жеңістерге жетті.

Майдан деген сөз бұл жерде дәл мағнасында қолданылмайтын сыяқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ партия мен ұжметтің соңғы қаулысы — табиғатты жанғырту туралы сталиндік жоспар және мал шаруашылығын өркендетуді көздеген үшжылдық жоспар жөніндегі тарихи қаулылары халқымыз алды-



на сәт алуан міндеттер қойды. Ауыл шаруашылығының сан мыңдаған жауынгерлері мен командирлері — колхозшылар, совхоздардың, машино-трактор станциялардың жұмысшылары, агрономдар, зоотехниктер, мал дәргерлері — егіннен мол өнім алу үшін, мал шаруашылығының өнімін арттыру үшін қажырлы еңбектенуде.

Осыларға ақылшы орталық ғылыми штабымыз бар. Оның қандай штаб екенін сендер жақсы білесіңдер. Пионерлер, сендер халық академигі

Трофим Денисович Лысенконы есіткен боларсыңдар. Оның даңқты еңбегін білетін шығарсыңдар. Міне, сол ғылыми штабты академик Лысенко басқарады. Ол кісі В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының президенті.

Әрбір пионер, әрбір оқушы ғалымдарымыздың еңбегін үйренуге тиіс, олардың тамаша тәжірибелерін меңгере отырып, табиғатты жаңғырту, елімізде азық-түлікті молайту жолындағы бүкіл халықтық күреске көмектесулері керек.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы ғылымы Академиясының бөлімі бар. Осы бөлімнің институттары мен тәжірибе станциялары мичуриндік биология ғылымының табыстарын жергілікті жағдайға ыңғайлап, колхоздардың, совхоздардың шаруашылығына пайдаланады. Көптеген колхозшылар, совхоз қызметкерлері бұл әдістерді емін-еркін қолданады, егін далаларында, мал шаруашылығында жұмысты ғылыми негізде ұйымдастырады, өздері нағыз мичуриншілер болды.

Сыр-Дария, Шу, Іле, Талас, Қара Ертіс тағы басқа өзендер бойында, кендір атты өсімдік өседі. Қазір сол кендірді қолдан өсіру ісі қолға алына бастады. Міне сендер, сол пайдалы өсімдікті өсіру ісімен шұғыл-

даныңдар. Оның тұқымын жыйнаңдар, оны өз үйлеріңнің, мектептеріңнің қасына егіндер, күтіп өсіріп бақлаңдар. Бұл жөнінде әсіресе, Алматы, Талдықорған, Қызылорда, Жамбыл облыстарының пионерлері көп жұмыс істей алады.

Республикамызда осындай өсімдіктердің алуан түрлері бар. Пионерлер, осылардың тұқымын жыйнауға, егуге, қандай жердің қолайлылығын білуге оңтайлы келеді. Осы жолдармен сендер ғылыми мекемелердің жаңа дақылдарды тезірек халық пайдасына игеруіне көмектесіңдер.

Пионерлер мал шаруашылығында да үлкендерге орасан көп көмек көрсете алады. Пионерлер төлдерді күту, мал қораларды таза ұстау ісінде малшыларға көмектесе отырып, партия мен үкметтің тапсырмасын, әсіресе, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі ұшқылдық жоспарды орындауға көп үлес қосады.

Биология ғылымы өте қызықты тамаша ғылым. Осы ғылыммен адамзат табиғатқа, өсімдікке, хайуанаттарға өз дегенін істетеді. Мичуринші деген қандай тамаша атақ. Онда талай сыр бар. Сол сырдың әр кілтін сендер өздеріңнің көмектеріңмен шешуге жәрдемдесіңдер.

Шоласыз, бақытты шаң

Қ. ҚУАНЫШБАЕВ.

Қазақ ССР-ның халық артисі, ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаты.

Пионерлер, сендердің республикалық слеттерің болатынын есіткенімде, еріксіз «Ойланшы ойға кеттім жүз жылғы өткен». Сол ой тереңіне шомып отырып: япырмау бұл неткен бақытты өмір, бұл неткен бақытты балалар, деген сөздерді бірнеше рет қайталап айттым.

Неге, неліктен?

Оның себебі: коммунизмді нағыз кемеліне келтіретін, дүниеде бұрын болып көрмеген бұл шоласыз, бақытты шақта өмір сүріп отырған балалар сендерсіңдер. Бірден қамалды алсаң екен, мұратқа тез жетсек екен деп сендердің жас жүректерің алыс-ұшады. Сендерге қазір бәрі қызық, бәріне әуестенесіңдер. Ол дұрыс. Асылы, коммунизм құрушы адамның өзі, сол коммунизм заманына лайық білімді, мәдениетті болуы тиіс.

Біздің балалық шағымыз бұрынғы патша, байлар саманында оқусыз өтті. Ол уақытта сапасында саңылауы бар жастар ғана халықтың тек ауыз әдебиетіне, өнеріне еліктеп үйренді. Біз сол замандағы ілгері пиетті адамдардың — Абайдың, Ыбрайдың, Шоқанның өсиеттерін қабылдап, солар шапқан өнер-білім ұрығын халыққа таратуға тырыстық. Осылай жүріп біз еңбекші халықтың мұнын, қайғысын көзімізбен көріп, соны



суреттеуді үйрендік. Халықтың өнер қазынасынан нәр алып, өмір бойы сол өнердің дамып беруіне еңбек етумен болдық.

Біз сыяқтылардың еңбегі Октябрь революциясынан кейін жамды, өнер қазынасын бойына сіңіргендерді үкмет қамқорлықпен теріп алып үйретті, адам қатарына қосты, мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткізді. Енді өмір өзгерді. Халық қазынасын жыйнап жарыққа шығарғаннан кейін, қазіргі дәуірде жаңа даму жолы басталды.

Бұл дәуірде бастауыш, орталау, орта мектептер, техникумдар, училищелер, институттар, бәрі сендер үшін қызмет етеді, балалар. Мұғалімдер, әдебиет, көркемөнер қайраткерлері білімін, өнерін сендерге беруге ынтығады.

— Жастықтың оты, қайдасын,
Жүректі тұртіп қозғамай!
Ғылымның біліп пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай?! — деп, дапышпан Абай жастай білім алуды өсиет еткен болатын.

Өмір шыңына, өнер шыңына жас кездеріңнен құлаш ұрыңдар, жас ұландар!

ҚЛЖО Орталық Комитетінде

Жуырда Қазақстан ҚЛЖО Орталық Комитетінің ІІІ пленумы болып өтті. Пленум жастарға дене тәрбиесін беру жұмыстарын бұдан былай да жақсартуға шаралары туралы мәселе қарады. Бұл мәселе жөнінде тиісті қаулы қабылдады. Бұл қаулыда республика комсомол ұйымдарының жастарға дене тәрбиесін беру ісінде бұған дейінгі болған кемшіліктер және алда тұрған нақтылы міндеттер атап көрсетілді.

Пленум комсомол, пионер ұйымдары БК(б)П Орталық Комитетінің өткен жылы 27 декабрьдегі физкультура-спорт жұмыстары жөніндегі қаулысын, ҚЛЖО ХІ съезінің қарарын физкультура-спорт жұмыстарын мейлінше жақсартуға негіз етуі керек екендігін атап айтты.

Комсомол ұйымдары физкультура-спорт комитеттерімен, кәсіпшілер одақтарымен бірлесе отырып, барлық комсомолецтерді, жастардың көпшілігін таяудағы бір-екі жылдың ішінде төменгі физкультура коллективтеріне мүше етіп тартуға, төменгі физкультура коллективтерін ұдайы нығайтып отыруға, әрбір кәсіп орнында, колхозда, совхозда, МТС-те, мектепте, мекемеде физкультура коллективі ұйымдастырылуға тиіс.

Пленум комсомол ұйымдарынан физкультура коллективтерімен, оқу бөлімдерімен бірге, мектеп оқушылары арасында физкультура-спорт жұмыстарын мейлінше жақсартуды талап етті. Комсомол, пионер ұйымдары мектеп директорлары мен оқытушыларына дене тәрбиесі сабақтарын сапалы қызықты өткізуі жөнінде көмегін күшейтуге тиіс.

Мектептердегі барлық физкультура-спорт жұмыстары жетіжылдықты бітірген әрбір оқушының БГТО значогіне норма тапсыруын, онжылдықты бітірген оқушының бірінші дәрежелі ГТО значогіне норма тапсыруын қамтамасыз ету мақсатымен жүргізілуі керек. Бұл үшін оқу-жаттығу жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруға тиіс.

Пленум республиканың комсомол ұйымдары партия ұйымдарының басшылығымен өзінің социалистік Отанына, сүйікті көсемі Сталин жолдасқа шексіз берілген қайратты, батыл, қыйыншылықтан қорықпайтын, ержүрек алғыр жастарды тәрбиелейді деп берік сенім білдірді.

* * *

ҚЛЖО Орталық Комитетінің пленумы, сонымен қатар, республика комсомолецтері мен жастарының колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын орындауға қатысуы туралы мәселе қарап, бұл жөнінде де нақтылы қаулы алды.

Бұл қаулыда ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің колхоздар мен совхоздардың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспары туралы қаулысының орасан зор маңызы атап көрсетілді және қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын орындау және асыра орындауда республика комсомолецтері мен жастарының алдында тұрған міндеттер анық көрсетілді.

Пленум барлық алынған төлді аман сақтап, өсіру үшін күресе отырып, төлді іс жүзінде комсомолдық қамқорлыққа алуға кең ұйымдастыруды комсомол ұйымдары алдына аса маңызды міндет етіп қойды. Жас төлді қамқорлыққа алу жөніндегі жұмысқа пионерлер мен мектеп оқушылары да тартылуын атап айтты.

ҚЛЖО Орталық Комитетінің пленумы республиканың ауыл-село комсомолецтері мен жастарын колхоздар мен совхоздарда қоғамдық өнімді мал шаруашылығын оған әрі өркендету күресін күшейтуге, өздерінің қажырлы жұмысымен партия және совет ұйымдарына қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын орындау және асыра орындау ісіне көмектесуге шақырды.

Өрқашанда дайын болыңдар, достар!

Біз, гүлденген Советтік Украина астанасы — Киев қаласының пионерлері, республикалық «Барвінок» журналының оқушылары сендерге, Қазақстан пионерлеріне жалынды пионерлік сәлемімізді жолдаймыз. Сендерді үлкен мерекелерің — республикалық пионерлер слетінің ашылуымен құттықтаймыз. Бұл мерекенің қызықты өтетініне, сендер пионер жұмысы жөнінде тәжірибелер ауысатындықтарыңа, онда бірнеше жаңалықтар естіп көретіндіктеріңе біз әбден сенеміз.

Біздер, Украина пионерлері, сендердің өмірлеріңді біліп тұрғымыз келеді. Сендер де біздің жаңалықтарымызды білгілерің келеді деп ойлаймыз. Біз өз өміріміз жөнінде қысқаша мыналы айтпақпыз.

Біздер оқу жылын отлучно аяқтап, қазір жақсы дем алып жүрміз. Көптеген балалар қала сыртындағы лагерьлерге дем алуға кетті. Қаланың өзінде қалған оқушыларда көңілді дем алып жүр.

Біз туған қаламыздың тарихымен: Богдан Хмельницкийге, Владимирге орнатылған ескерткіштермен, Днепр жағасындағы Киев-Печер шіркеуімен, сол сыяқты атақты Полтава ұрысында қаза тапқан жауынгерлер жерленген Аскольд бейітімен таныстық.

Жазда жақсы дем алып, шынығып қайтуларыңа, жаңа оқу жылын ойдағыдай бастауларыңа тілектеспіз.

Совет Одағы халықтарының лениндік-сталиндік достығы нығая берсін!

Біздің пионерлік достығымыз нығая берсін!

Киев қаласының пионерлері:

Светлана Опашенко, Ира Набочникова (44 мектеп), Витя Орлик, Юра Лимонов (136 мектеп), Марьяна Пригара (58 мектеп), Роксана Загорская (155 мектеп), Витя Пваненко (10 мектеп).

Мол өнім зенбесі



I.

«Қызыл әскер» колхозының председатели Мұхаметжан Баймұратов, бір кезде: мектебіміздің 7 класс оқушысы Гүлжаһан Қыйсамедіноваға сөз беріледі, — деді.

Қызыл талстукті пионер Гүлжаһан тез орнынан тұрды. Оның жүреті алып ұшып бара жатқан сыяқтанды.

— Біз, мектеп оқушылары, сіздерден бір гектар жер беруді сұраймыз. Онда біз 90 центнер мақта өсіруге уәде береміз, — деді Гүлжаһан.

Бұл тілек кейбір колхозшыларды таңқалдырды. Мұндай мол өнім алу Гүлжаһан сыяқты балалардың ісі емес сыяқты болып көрінді, оларға.

— Колхоз жері балаларға ойыншық емес, — деді 3 бригаданың мұрабы Рахымжан қарт.

— Біз ойнайық деп тұрғанымыз жоқ, Рахымжан ата, — деді Гүлжаһан, — біздің де жер кәсібімен шұғылданғымыз келеді. Кітаптан алған білімімізді тәжірибе жүзінде байытқымыз келеді.

— Осы балалардың сөзі жөн, — деді алдыңғы қатарда отырғандардың бірі...

Жыйналыстан балалар көңілді қайтты.

— Егер біз уәдемізді орындамасaq не болдық, — деді Мариям, — масқара емес пе?

Гүлжаһан оған қабағын шытып:

— Қорықпа, Мариям, — деп кесіп айтты. — Соның бәрі өзімізге байланысты. Өсіреміз дедік, өсіреміз.

— Бізге жақсы ақылшы керек, — деді Рахия Қасымова.

— Әрине. Ондай адамымыз бар да емес пе? Биология сабағының оқытушысы — Гайни апай мақта өсіруді шебер біледі ғой.

Балалар Гайни мұғалімінің үйіне қарай тартты. Мұғалім оларды қуанышпен қарсы алды.

II.

Өткен жаздың көктемі құбыымалы болды. Апрельдің аяқ кезінде-ақ мақта өне бастады. Бірақ қара суық арылмады. Балалардың тынышы кетті. Оның үстіне қарттардың қара суықтап хауыптенуі балалардың маңасын кетіре түсті. Үнемі аспанды сұрғылт бұлт қаптап, ауық-ауық суық жел есіп тұрды. Бұл жағдайда балаларға көмек берген Гайни мұғалім болды. Соның ақылымен Гүлжаһандар іске кірісті. Үш дос учаскелеріне даладан құрғақ қамыс әкеліп, атқорадан көң тасыды. Олармен жербетін бүркеді. Бұларға мектеп балалары көмектесті.

Кешке таман жауын тоқтап, суық жел үдей түсті. Гайни мұғаліманың ақылы бұл жерде де балаларға жәрдемші болды. Гүлжаһан, Мариям, Рахиялар еге учаскесінің жел жағынан үлкен костер жақты. Олар түні бойы кезекпен от басында болып, отқа үнемі тезек салып отырды. Көзді ашытқан түтін, түні бойы ұйықтамағандық Гүлжаһанды қатты шаршатты да. Сонда да ол учаскеден кетпеді.

Суық жел таңертең де басылған жоқ. Ертеңінде де соқты. Балалардың долы дауыспен алысуы 50 сағаттан артыққа созылды. Пионерлер жеңін шықты. Жаңа өніп келе жатқан мақта аман қалды.

Пионерлер осылай сәбек етті. Бұл жұмыстарымен қатар олар неше алуан кітаптар да оқып жүрді. Олардың сүйікті кітаптарының бірі Гайни мұғаліма берген академик Трофим Денисович Лысенконың кітабы болды.

III.

Пионер гектарының мақтасы әрі тығыз, әрі биік болып жайқалып өсті. Мұны көрген Рахымжан қарттың өзі де таңданбай тұра алмады.

— Жарайсын қызым, — деді ол Гүлжаһанды арқасынан қағып. — Қанша түсетінін кім білсін, шығысы жақсы-ақ. Мақтаның мұндай болып өсуін көптеп бері көруім осы. Ал, сен маған өкшелеме. Басында менің сендерге сенбегенім де рас...

Гүлжаһандар мақта жыйнауға қызу кірісті. Ерінбей еңбек етіп, мақталарын аса ұқышпен терді. Пионер гектарынан бір тал мақта да шашау шықпады.

Пионер гектарына колхоз есепшісі келді. Ол қайта-қайта есептеп жазумен болды. Өз есебіне өзі сенбейтін сыяқты. Тағы да есептеп, басын шайқайды. Ал, балалар одан сайып ынтыға түседі. Еңбектерінің қортындысын естуге асырады. Бұларға колхоз председатели де келді. Сонда ғана есепші:

— Жолдас председатель, сенсімің де, сенбесімің де білмеймін, тура 96 центнер өнім алынған, — деді. Председатель бұл үш досты кезек-кезек сүйді. Гүлжаһан, Мариям, Рахиялардың да көңілдері тасып, қанағаттанып кетті. Адал еңбектің тамаша жемісін көрген олар тағы да шабыттана түсті.

Олар быйыл гектарынан 100 центнерден мақта алу үшін күресуде. Біз олардың бұл міндеттемелерін орындап шығуына толық сенеміз, — деді колхозшылар.

Қадыр ШАРИПОВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, «Қызыл әскер» колхозындағы мектептің аға пионер вожаты.

Көкшенің көркі

Республикамыздың мыңдаған мектеп оқушылары мен пионерлері оқу жылы аяқталысымен, жыл сайын өлке тау саяхатына шығады. Кең байтақ Отанымыздың алып құрылыстарымен және тамаша табиғатымен танысады. Олар саяхаттап жүріп, өздерінің көрген-білгені, естіген сөздері жөнінде көптеген көркем әңгімелер мен өлеңдер жазады. Біз төменде сондай бір жас саяхатшының жазу дәптерінен үзінді беріп отырмыз.

* * *

Май айы. Күн күле қарайды. Жаздың осы жадыраңқы күнін пайдаланып, біздер мектептен бір жарым шақырым жерде тұратын Шортанды тауына саяхатқа шықтық. Саяхаттың маршруты бойынша Шортанды тауын аралай, Шортанды көлін жағалай отырып, Өркешті тауына шығамыз да, тас карьер арқылы қайтып, келмекпіз.

Таудың етегіне іліккенше жеңіл жүрген балалар, тауға өрмелеген сайын қалжырай бастадық, аяқ басуымыз ауырлай берді. Жиі-жиі дем алып, тау басына шықтық. Оңтүстікте өзінің сұлулығымен атағы шыққан Жөкей көлі жарқырап көрінеді. Одан әрі — ақты Степняк заводы қара түтінін бұрқыратып, «мен мұндалап» аяқ астына келіп тұр. Біреу қолмен көшіріп әкеліп қойғандай жақындап қалыпты. Таудың оңтүстік шығысы мен солтүстік шығысын түгел орап Шортанды көлі жатыр. Одан әрі қарағай арасында санаторий үйлері ағарандап көрінеді.

Шығыс жағымызда Ақшоқы тауы, одан әрі көгеріп, көзге түсіп қарт Көкше тұр. Қарамағына сексен тау, сексен көл қараған Көкше осының бәріне мойнын созып, қамқорлана қарап тұр.

Көк күмбезге ұқсаған Көкше туралы әркім өз ойларын айтысады. Біреуі: Ертеде Асанқайғы: «Көкшенің төбесін көрген адам аптан өліп, көштен қалмайды» депті — мыс. Сол рас қой. Бауыры толған егін, ыңранған мал, кені тағы бар, ауырғанда ем, шаршағанға дем бұл Көкше жер жұмағы емеспе? Көкшеге жер жетеме!?» деседі.

Басынан талай тарихты өткізген Көкше шынында да мақтауға ыяды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов осы Көкшенің күмістей көліне шомылып, жұпар иісті ауасын жұтып, бауырында асыр салып өсті. Арқада әп мен күйдің туын тіккен, қазақ халқының ерке ұлдары Ақан сері, Біржан сал, Балұан Шолақтар да осы Көкшенің бауырында туып-өспедіме!?

Ұлы Отан соғысының батыры, халқымыздың сүйікті ұлы Мәлік Ғабдуллин де осы Көкшенің күзгі шынынан түлеп ұшқан жас қыран емес пе!? Кілемдей күлшырған жері, байлықтан майы шыққан елі, ауыз толтырып айтарлықтай ері — осының бәрі Көкшенің көркі емеспе!? Осындай Көкшені қалай сүймессін! Көкшенің бауырында туып-өскеніңе қалай мақтабассың!

Көкшенің көркіне сүйсініп отырып, біздер уақыттың қалай өткенін білмедіміз. Бәріміз бас-аяғымызды жыйнап көлге қарай төмен түсе бастадық. Шу қарағайды қаж жарып жүріп отырып, көп көшікпей көлге де келіп жеттік. Су ішіп алып, көл жиегіндегі жартастардың біріне отырып, көлдің бетіне көз салдық. Көл беті қаптаған қайық, іші толған жастар. Тәтті әзіл, көңілді күлкі тауды жаңғырғықтырады. Дүниедегі ең бақытты жандар солар сыяқты.

Біз тағы да көлді жағалап жүре бастадық. Біраз уақыт өткен соң, Өркешті тауының етегіне жеттік. Бұл таудың Өркешті деп аталу себебі, дәл төбесінде түйенің өркешіне ұқсас екі өркеш бар. Таудан төрі, мойнын созып шөгіп жатқан түйеге көбірек ұқсайды. Биіктігі жағынан Көшенің өзіне тетелес. Қалың қарағайдың ішімен тағы да тауға өрмелей бастадық.

Шортанды тауынан Өркешті тауы биік екен. Бұған шығу оңай болмады. Әзер дегенде Өркешке келіп жеттік. Бұрын бұл тауға шықпаған біз, бір тамашаға кездестік: Екі өркештің арасында дөңгеленіп бір кішкене көл жатыр. «Көкше басқа тауларға бір-бірден көл берсе, Өркештіге көңілі түсіп, екі көл беріпті. Бірі — етегінде, бірі-төбесінде», деп күліседі балалар.

Жас саяхатшылар екі бөлінді. Бір тобы оң жақтағы өркешке беттегенде, біз көлді жағалап, сол жақтағы өркешке жөнелдік. Өркештің етегіне жеткенде біздің құлағымызға гүрілдеген бір күшті дауыс естілді. Алғашқыда сескеніп қалып, тұра қалып тыңдасaq, гүріл дәл өркештің төбесінен шығады. «Бұл бір ғажап үлкен аң шығар» деп қорқып, біраз тоқтап едік, гүріл басылмады. Сонансоң бойымыз үйрене келе, тағы ілгері өрмеледік. Өркештің төбесіне де келіп шықтық. Шықсақ гүрілдеген аң емес, су екен. Өркештің төбесінде тар үңгір бар екен, сол үңгірден су атқып шығып жатыр.

Тау аралап, қызық көрген, көлді кезіп, көңілі толған біздер көшке жақын ауылға қайтып оралдық.

Бұл саяхат біздің жас жүрегімізде көп әсер қалдырды. Көкшенің көркі көңілімізге берік орнады. Туған жер, өскен елге деген сүйіспеншілігімізді одан сайын арттыра түседі.

Естай МЫРЗАХМЕТОВ,

Көкшетау облысы, Щучье ауданы, «Жаңа жол» колхозы.

Кітап — адамның досы, әрі ақылшысы

Әдеттегі күннің бірі. Үлкен зәулім үй. Жарық бөлме. Оқушы, пионерлер бірінің соңынан бірі жұбын жазбай бөлмеге кіріп жатыр. Аяқтары әдеппен басады. Жым-жырт тыныштықты ешкімнің бұзғысы келмейді.

— Маған Гайдардың «Мектебін» берсеңіз? — дейді 10 жасар пионер, кітапханашы алғайға.

— Маған «Балалық шақты» рұхсат етсеңіз?

— Сен, Қасымқан Ержаповсың ғой, ал, ал! Мұндай белсенді кітап оқушыға қай кітапты болса да беруге болады.

— Маған «Полк баласын» берсеңіз дейді 4-классты быйыл бітірген Петя Волошин.

— Бұл кітапты мен аламын-деп кластас жолдасы Ваня Шморгунов жарыса сөйледі.

— Кітапханада «Полк баласы» 35 дана еді. Содан қалғаны біреу-ақ. Мұны қайсысың алғыларың келеді?

— Петя, сен Леонид Жариковтың «Айбынды дос туралы повестін» оқыдың ба?

— Жоқ, оқымадым. Кәне, ол кітап бар ма екен?

— Азамат соғысының батыры-жас баланың ераігі суреттеледі, оқы жақсы кітап!— деп кеңес береді



Абай атындағы қазақ орта мектебінде 1948 жылдың басынан бастап «Абай ұрпақтары» атты әдеби қолжазба журнал шығарылып тұрады. Журнал төрт бөлімнен құралған: бірінші бөлім Абайдың өмірі мен ақындық қызметі жөнінде мақалалар мен өлеңдер, екінші бөлім оқу-тәрбие жұмысы туралы, үшінші бөлім еліміздегі жаңа бесжылдықта салынып жатқан



Ақсай пионер лагерінде. Пионерлер Ақсай өзенінің бойымен саяқат жасап жүр.

Анна Исаковна.

Екі дос мезде келісе қалды.

—Бұл орта мектептің кітапханасында кітап әлі

көп емес, 2000 нан астам ғана кітап бар. Кітапты сабақ кезінде де үздіксіз оқыптын оқушылар жазғы дем алысқа шыққан соң кітап оқуға бұрылғыдан қызу кірісті — дейді кітапханашы Анна Исаковна. — Олардың бәрі бүгінгі біздің өмірдегі совет адамдарының тамаша бейнелерін баяндайтын кітаптарды оқуға өте мұмар. Өйткені жас балалар кітап — адамның ақылшысы, досы екенін, білім қоймасы екенін жақсы түсінеді. Олар үшін көркем әдебиет те, техникалық кітап та, агрономның кеңесі де, малшының тәжірибесі де, атакты адамдардың өмірі де бірдей қызықты, бәрі де керек. Болашақ өмірлеріне нәрді сол кітаптардан жыйнайды. Үздіксіз оқу олардың күнделікті әдетіне айналған.

Қасымхан МУСАБЕКОВ.

Қостанай облысы, Таран ауданы.

Абай ұрпақтары

алып құрылыстар, социалистік колхоз даласының жеңістері туралы, төртінші бөлім жұмбақ, ребус, шарадалар және тағы басқалар басылады.

Журналға әдебиет үйірмесі мүшелерінің іріктелген таңдаулы шығармалары жазылады.

Оқушы Жармағамбет Досбаев, Шалабай Тоқжанов өз өлеңдерін ұлы ақын Абайға арнайды.

Социалистік Еңбек Ерлерінің табыстарын, колхозды ауылдың гүлденгенін өз өлеңдеріне тақырып еткен Мұқажан Әлкеев, Төкен Азубаев жолдастардың өлеңі әжептәуір көркем шыққан.

Жас әдебиетшілердің бәрі дерлік бақытты балалық шақты, ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталинді жырлауға талпынады.

Журналдың жоғары идеялы, көркем болып және мезгілінде шығып тұруына бүкіл оқытушылар коллективі көмектеседі.

Біздің жас әдебиетшілеріміз жақсы қалам қайраткерлері болу үшін көп білім, үлкен төзімділік керек екенін жақсы біледі.

Сондықтан олар өздерінің әдеби білімдерін көтеру ісінде көркем әдебиет кітаптарын, ақын жазушылардың өмірлері мен ақындық жолдарын зерттеумен шұғылданып келеді.

Н. ЖАЗЫЛБЕКОВ,

Семей облысы, Абай ауданы.

Колхоз бұзауын баққанда

Оқу аяқталды. Оқушылардың жазғы демалысы басталды. 3 классты быйыл жақсы бітірген пионер Рақымбай Өмірзақов «Көмір бастау» колхозының бұзауларын қамқорлыққа алып, төл бағуға келді. Бұзауды ол бүгін тау етегіне жайды. Әлден уақытта бұзау арасынан қызыл түлкі көрінді. Бұзаудың тасына түсіп, Рақымбай қолындағы шоқпаршасын оңтайлы ұстап, ұрымтал жерге жетуге жылжыды. Түлкі бұзаушыны аңғармады, ақырындап басып келіп Рақымбайдың дәл алдына тоқтады. Осы кезде пионер

қолындағы шоқпармен қақ тұмсықтап соғып та жіберді. Түлкі кұлап түсті, бірақ өлген жоқ, тыпырлап жатты. Түлкі түрегеліп қашып кетем деп, Рақымбай қалтасынан кішкентай пышағын алып, түлкіні тамағынан тез бауыздап жіберді. Сөйтіп Рақымбай бір түлкіні соғып алды.

Қазір Рақымбайдың бұзаулары күйлі. Пионердің қолқабысына колхоз адамдары өте риза.

Сүйенішбек КЕРІМҚҰЛОВ.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы, 61-мектеп.

Көңілді жаз

Біздің «Жаңа талап» колхозы Лепсі езенінің жағасында тұрады. Өзеннің өң бойы тал, шілікке толы, суы тасқынды болады.

Өзеннің оң жағындағы жазық далада егіс бригадасы бар. Біз оқу жылы аяқталғанда Самат, Ралымбек, Амантай үшеміз Сәкіш ағайдың бригадасына егіннің арам шөбін жұлуга бардық.

Сәкіш ағай бізді жаз бойы жү-

мыс істеуге әбден жаттықтырды. Таңертең ерте тұрып, ертеңгі саңқыммен егіс даласына барамыз. Онда үлкендермен бірге жұмыс істеп, масақ теріп өз колхозымызға көптеген пайда келтірдік. Сәкіш ағайдың бізге бөлген жұмысын біз екі-үш есе артығымен орындап жүрміз.

Қанатбек ЖАБЫҚБАЕВ,

Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, «Жаңаталап» колхозы.

Жаз жоспары

Үстіміздегі оқу жылында Шыбынды бастауыш мектебінің III—V-классын 21 оқушы бала бітіріп шықты.

Оқу жылының аяқталуына, жазғы демалыстың басталуына арналған пионер дружинасының жыйыны болып өтті. Жыйында әрбір пионер өзінің жазғы демалысты қалай өткізетінін айтты.

Дружина совет пионерлерді өлке тану саяхатына шығуға, туған жердің табиғаты, байлығымен танысуға, колхозшыларға шама-тарынан келгенінше қолқабыс етуге бір ауыздан қаулы алды.

Женен ӘДІЛБАЕВ,

Семей облысы, Үржар ауданы.

ПИОНЕР ЖАЗЫ

Еріндей оқу жылының
Жас пионер достар жүр,
Сатысын биік білімнің
Өтін ап аттап тағы бір.

Думанды қызық дүбірлі
Пионер жазы басталды.
Тұрғандай қос деп үніңді,
Шақырып шатты жас жанды.

Шақырды еркін ауылы
Ажары жаздың жүзіндей,
Байлыққа толы бауыры
Жер бар ма колхоз түзіндей!

Жайлауы жатқан қалың мал,
Жайқалған егін жасыл бел,
Дегендей: таңдап, қалап ал,
Еңбекті сүйсең, бізге кел.

Шақырды өзен, орман, тау
Аш деп алуан сырымды.
Құшағын жайып бақша-бау,
Көр, дейді, көрік-нұрымды.

Ажары көзді жегендей
Қаз-қатар тіккен шатырлар.
Тыныққың келсе, дегендей:
Келіндер бізге, батырлар.


Сайранды, сауық, саяхат,
Ақ шатыр әсем—лагерь.
Жаз, шіркін, қандай рахат!
Жастық шақтай бұ да бір.

Заманның көркі жас ұрпақ,
Ойыңды өршіл сеземін:
Демексін: сендік жастық шақ,
Өмірдің жазы — өз елім!

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ



Ақсай пионер лагерінде. Пионерлер волейбол алаңында волейбол ойнап жүр.




Алматыдағы 33 мектептің жас спортшылары Әнуарбек Физатуллин мен Ваян Кравченко гимнастика жасап тұр.



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫСЫ

(Қайтыс болғанына?
60 жыл)



Үстіміздегі жылы июль айында қазақ халқының тұңғыш педагогі, ағартушы-ақыны Ыбрай Алтынсариннің қайтыс болғанына 60 жыл толады.

XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, патша үкіметінің және қазақ байларының қанауына қарсы күрескен игі жақсының бірі — Ыбрай болады.

Совет мектебіне алғаш түсіп оқып бастаған жылдан-ақ ұрпақтарымыз Ыбрайдың «Кел, балалар, оқылық» деген мағналы, көркем өлеңін жатқа айтып, оқуға жігерленеді. «Бұл кім?» деген өлеңін өзі оқуымен қабат анасына да айтып, қуантады. «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері: еліміздің жерсуын суреттейтін, патриоттық рухта тәрбиелейтін тамаша өлеңдер.

Ыбрай Алтынсарин 1841 жылы 20 октябрь күні, қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында туды. Ыбрай 3—4 жасқа жеткенде, әкесі — Алтынсары қайтыс болып, оны үлкен атасы Балғожа тәрбиелейді. Балғожа ендігі заманда орысша оқып білім алу қажет деп түсінеді. Сондықтан кішкентай Ыбрайды Орынбор қаласында алғаш ашылуға ұйғарылған, 7 жылдық мектепке жаздырып қояды. 1850 жылы Ыбрай сол мектепке оқуға түседі. Ол 1857 жылы мектепті жақсы бітірді. Ыбрай оқуға ынталы болуымен қатар, орысша әдеби, ғылыми кітаптарды оқуға қатты әуестенеді. Ол өзінің мектептен алған білімі өте шағын, саяз екенін аңғарады. Сондықтан, өз бетінше оқып, білімін арттырады. Ыбрайдың осылайша оқуына орыс оқығандары — ғылым қайраткерлері В. В. Григорьев пен Н. И. Ильминскийлер көп көмектеседі. Осылайша оқып елге қайтқан Ыбрай, өз заманындағы прогресшіл демократ орыс интеллигенциясының, ақын жазушыларының халықтық пікірін, ағартушылық идеяларын меңгереді. Солардан үлгі алған Ыбрайдың бар арманы наландықты жою, қазақ баласын орыс біліміне тоғыту болады. 1860 жылдары 19-20 жасқа келген кезінде, ол тұңғыш халық мұғалімі болып орын алады.



Ол алғаш ашқан мектепте 13 бала оқыйды. «Қазақ балалары қандай тамаша зерек, ақылды. Мен оларды сондай сүйіп оқытамын. Міне орысша да, қазақша да хат біліп қалды, менің де арманым осы еді ғой», деп қатты қуанады.

Ыбрай қазақ еңбекшілерін қанаушы үстем тап өкілдері: патша чиновниктері мен болыс, би, байларға қарсы батыл сөздер айтып, өлеңдер шығарады, оларды арамзалар, қанішкіш жауыздар деп әшкерелейді.

Октябрь революциясына дейін қазақ даласында ашылған азды-көпті мектептердің түрін белгілеп, үйін салдырған, интернаттар ашқан адам Ыбрай болды. Тұңғыш оқытушы семинариясын ашудың барлық шарасын жүргізуші де сол болды. Бірінші қазақ қыздары мектебін ашқан да Ыбрай. Ыбрай орыс мәдениетін молыға пайдаланудың кілті — мектеп оқуы, ғылым деп біліп, қазақ баспасөзін, әдебиетін дамыту үшін жаңа алфавитке орыс әрпі негізіндегі әліппені қабылдаудың шарасын жүргізді.

Алтынсариннің қызмет еткен ортасы да, заманы да патшалық-феодалдық реакцияның халықты мейлінше күйзелткен өте ауыр жағдай еді. Міне осындай жағдайда дара шыққан Ыбрай сықылды адамдарға тән бір ерекшелік: бетінен қайтпайтын батылдық, шыдамшылық, жалынды жігерлілік болды.

Ыбрай 1889 жылы 30 июль күні 48 жасында қайтыс болды. Ыбрайдың ұлы тұлғасын біздің совет жастары, халқымыз өткен ғасырдағы ұлы отандастарымыз Абай және Шоқанмен қатар қойып, өте жоғары бағалайды, оны біз зор мақтаныш етіп, еске аламыз. Өйткені ол сондай ауыр, қыйыншылық жағдайда ұлы орыс халқымен туысқандық бірлікті көкседі, халыққа өле-өлгенше қызмет етті.

Ә. СЫДЫҚОВ,

Педагогика ғылымдарының кандидаты.

ҚЫСҚА ӘНГІМЕЛЕР

Ы. АЛТЫНСАРИН.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

ТАЛАПТЫҢ ПАЙДАСЫ

Орыстың патшасы Петр Великий деген кісінің, бір күні шіркеуде тұрғанда, көп адамның артқы жағында үңіліп патшаға қарап, бөркімен қалқалап қана бір нәрсені сызып тұрған балаға көзі түседі. Ол балада бөтен кісінің ісі болмайды, жалғыз-ақ Петр оған көзінің қырын салып тұрады. Шіркеуден шығарда жұрт екі жарылып, Петрге жол беріпті, сонда Петр түй-тура манағы балаға барыпты. Бала сызумен алданып тұрып, тіпті Петрдің келгенін байқамай да қалыпты. Сонда жұмсақ шыраймен Петр оған:

— Не қылып тұрсың? — деп сұрапты.



— Сіздің суретіңізді салып аламын деп едім.

— Оны не қыласың?

— Даңқтысыз, дабылыңыз жер

жүзіне жайылған кісісіз, суретіңізді сызып алмақшы едім.

— Кәне, көрсетші сызғаныңды?

Сол уақытқа дейін қорықпай жауап беріп тұрған бала,—сызғаныңды көрсет, — дегенде қысылайын депті. Сонда сызған қағазын, әделінен Петрдің қолына беріпті.

Қараса, сурет рәуішті емес, әйтеуір өз білімінше сызған сызық, бала ол күнде сурет салуды қайдан білсін.

Солдай да болса, Петр Великий баланың талаптылығын, зиректігін аңғарып, оқуға кіргізіпті. Ақырында, сол бала, бүтін орыс жұртына даңқы шыққан суретші болыпты.

АУРУДАН-АЯҒАН КҮШТІРЕК

Сейіт жол үстінде жүріп бара жатып, бір арбаға келіп аңғарусыз соғып кетіп, аяғын сындырып алыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан, пешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған

аяғын орнына салып, таңып жатқанда, дыбысын шығармапты, қабағын да шытпайпты. Сонда сынықшы кісі:

— Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың? — деп сұрапты. Сейіт пешесі шығып кеткен соң, демін

алып, сынықшыға сыбырлап.

— Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қыйналғанын көрсе, әжемнің жаны онан жаман қыйнала ма деп, сабырлылық қылып жатырмын, — депті.

ТАЗА БҰЛАҚ

Бір бұлақтың басында үш жолаушы бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын, қазандай бір қара тасты қойыпты да тастақ:

— Ей, жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол — деп жазыпты. Үш жолаушы бұлақтан шөлдері қанғашша су ішеді, тастағы жазуға көздері түседі.

Сонда бір жолаушы тұрып былай дейді:

— Бұл жазылған ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сүйте бара,

үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мынадай ғыбат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, ешуақытта жалқаулапшы тоқтал қалма, сүйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұрадына жетесің дегені деп білемін, — дейді.

Сонда екінші жолаушы басын шайқап.

— Жоқ, мен олай ойламаймын, — дейді. — Бұл жазудың мағнасы сіздің ойлағаныңыздан гөрі тереңірек соқса керек: бұл бұлақ кім-кімге болса да даяр, ыстықтатанда салқындатып, рақаттандырады, сусағанның шөлін қандырады. Оның үшін ешкімнен ақы дәмелпейді. Олай бол-

са мұнан, біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе деген ақыл болады.

Жолаушының үшіншісі, — көркем жас жігіт үндемей тұрды. Жолдастары:

— Сен не ойлайсың? — деп сұрады. Жігіт айтты:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді. Бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-салам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адамнан гөрі аю-аңынттық болар еді. Бұлақ күн-түн тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін, бұған адам ынтық. Олай болса, бұл жазудың мағнасы мынау: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, бұлаққа қарасаң: күл түссе, күннің, не шөп түссе, шөлтің сәулесін көреміз. Ендеше көңілің сол сыяқты сырға ашық көрініп тұрсын дегені ғой деймін, — депті.





Ә Н Г І М Е

Суреттерін салған Б. УРМАНЧЕ

Т. САҒЫНБАЕВ

— Әй, әй! — деген дауысты естіп Ахан басын көтерді.

Ол егін арасындағы соқпақпен келе жатқан Қадыр мен Құмарды көрді. Екеуі алма-кезек айқайлап келеді.

Бұлардың осы жақта жүретінін Ахан бұрыннан білетін. Тегі су бойына баратын болуы керек. Әйтпесе, ол жақта судан басқа не бар. Ахан өзі мұнда жаңа бір әзірде келді: бүгін егін басына Момынсыз жалғыз келді.

— Ахан, суды көрсен, өзің Құмардан сұрашы, ішінен шыққың келмейді, я, Құмар — деді.

— О, сүңгіп ем көп, я, қай жерден шықтым, ә! — деді Құмар, санын соғып.

— «Сүңгіп ем көп» дейді ғой, соны сұрап тұрғандай.

— Е, сүңгімедім бе, сүңгідім, — деді Құмар, ойлап қалған кішкене отты көзі сәтте жарқ етіп.

— Сендер су-су деп кеттіңдер ғой, кәне кішкене арам шөп жұлып тастайық.

— Жұр, жұлайық, — деп Құмар сөз аяғын күтпей, домалана жүгіріп егіннің ішіне кірді.

Ахан аңадай жерге барып, үнеіз жұмысқа кірісті. Құмар арам шөпті қос қолдан жұла бастады.

Аз аңырып қалғаннан кейін, Қадыр да, жылынып ілгері жүрді. Бір еңкейгенде, түбірімен жұлынып, қолына бір түш сояу ілінді. Тағы да жұлатып шөп іздеп, төңірегіне көз жіберді. Көзінің астымен Құмар мен Аханды да шолды. Құмар біреумен бәсекеге түскендей, қызып апты. Ахан ешкімге қарайтын емес. Егіс даласы, колхоз қыстағы, жап-жақ, тау да, тас та, су да көң тыныспен, зор дүние көрінісін байқатқандай шалқыйды. Бірақ қазір балалар көңілді табиғат көрінісінде емес: олар шымыр-шымыр қайнаған ыстықты да, оқтың-оқтың желпіген самал лепті де, мұрын жарған көң даланың қош нісін де байқамайды.

Үш бала үш жерде осылай бірімен-бірі сөйлеспей, біріне-бірі қарамай, тіпті шаршағандарын да сезбей, көп жұмыс істеді.

— Жетеді енді, Аханға жұмыс істеуге келіп пе едің, ал көтейік, болады, — деп Қадыр Құмарға қарай жүрді.

— Өй, сендер асықпандар, бірге қайтамыз, мен

мына шөпті бір жерге жыйнап тастайын, — деді Ахан.

— Ол шөп саған пеле керек?

— Неге керек, бір керекке жарар, сыйырға берсем жемей ме?

— Біз неге шөп жыйнамаймыз? — деді Құмар ойына бірдеме түсіп.

— Е, біз неге шөп жыйнаймыз, біз бұлардай пайдасыз емеспіз. Көрдің бе, шөп жыйнауға келген ғой. Біз шөп жыйнамаймыз, біз колхоздың жұмысын істейміз.

— Ендеше колхоздың жұмысын істемей мұнда неғып жүрсіңдер? — деді Ахан Қадыр мен Құмардың жаңына таяп.

— Әкем мен шешем екеуі бірдей колхозда жұмыс істеп жүр, мен істемесем де болады, — деп Қадыр сыздана сөйледі.

— Ендеше біздің үйдің адамдары тегіс жұмыс істейді.

— Өтірік айтпа, бәрің колхозда жұмыс істесеңдер мұнда сен сыйырыңа шөп жыйнап жүрмес едің.

— Бұл қай бригаданікі? — деді Құмар қосарлана сөйлеп.

— Бұл ма, бұл тектаршы Момындікі.

— Момындікі.

— Я Момын апайдікі.

— Ана кара, жаңа колхоздың егіні деп еді... — деп Құмар Қадырға мойнын соза қарады.

Егін шынында да тектаршы Момындыкі болатын. Момын жыл сайын тектаршы болып істеп, бидайдан мол өнім алады. Аханның көршісі. Ол бір күні Момынға өріп, егін басына барды. «Мен сізге көмектесіп жіберейін» — деді Ахан. Момын оған егін арасындағы арам шөпті қалай жұлууды үйретті. Содан бері Ахан Момынға көмектесіп жүретін болды.

Е, Момында сенің нең бар? Кім сені бұл жұмысқа жіберді? — деді Қадыр.

— Ешкім де жіберген жоқ, Момында да ештеңем жоқ. Жәрдем беріп жүрмін. Қоғамдық жұмысқа, үлкен кісіге қолқабыс ету—пионерге жат нәрсе емес ғой. Пионер қандай болу керек, білесің бе, өзің?

— Пионер қандай болу керек?! Пионер жақсы оқыды, ештеңеден қорықпайды. Сен орман арасында

жалғыз жүре алар ма едің? Мен қорықпай жүрер едім. Жолбарыс кезіксе де, қорықпас едім.

— Қой, сен тым алысқа кетпе! Жұмыс істе, қазір оқу жоқ. Үлкендерге жәрдемінді тигіз. Сен өзің шешене жәрдемдесесің бе?

— Е, Момын шешен бе сенің?

— Шешем болмаса қайтеді, пионер шешесіне ғана жәрдемдесе ме екен?

— Я, сендер көрші тұрасыңдар.

— Көрші болса, тіпті жақсы, көршіге көмектесу керек. Бәріміз де бір колхоздың адамдарымыз ғой.

— Я, рас, рас... — деді Құмар Аханды қостап. Осы кезде тоған жақтан келе жалқан Момынды көрді балалар.

— Немене рас? Әне келе жатыр, бұлар бір кісі. Сен не білесің? — деді Қадыр Құмарға түсін суыта қарай.

— О, айналдық. Мынаның бәрін өзің тазаладың ба? Шөлті де көбейтпесің ғой, — деді Момын келген жерден егіннің ішіне көз тастап.

— Өзім де жүлдым, мына екеуі де көмектесті.

— О, айналайындар, әкетайлар, бұлар да маған жәрдем беруге келген екен ғой. — деп Момын Құмарды арқасынан сыйпады.

Қадыр ақырын шегініп, егіннің шегіндегі жолға қарай беттеді. Құмар да Қадырдың сонынан кетуге айналды.

— Әкетайлар, қайттыңдар ма? — деді Момын күлімсіреп.

— Қайттық, Құмар, жүр! — деп Қадыр Құмарға қолын сермеді.

— Қалқам Ахан, сен де қайта ғой, шаршаған шығарсың!

Момын күндегі дәдйлы жұмысына кірісті...

Түс ауған кез. Желсіз, тынық, ыстық күн. Жер беті өзгеше сәнмен күлпырады. Шеті көріңбейтін көп егін теңіз толқыны тәрізді теңселгендей. Алуан жас шөлтің жұпар исі бүрқырайды. Ағаш ішіндегі колхоз селосы ақырын ғана ырталғандай. Далала жыпырлаған адамдар көрінеді. Бұлар да Момын сияқты, егін күтінде жүрген колхозшылар.

— Біздің колхоздың балаларын айта, кілең бір ақылды балалар, — деді Момын өзіне өзі.

Бұл кезде үш бала қыстақ шегіндегі дөңге қатар шығып еді. Ахан солға қарай бұрылып, аз жүрді де, қайта қайырылып:

— Қадыр, әй, Қадыр, ертең суға барамыз ба? — деді.

Дағды бойынша Қадыр алда, Құмар оның соңында кетіп бара жатқан.

— Жоқ, енді суға бара алмаспын, малға кетем, отряд советі солай деп ұйғарған. Мұнда адам жетеді, — деді Қадыр нығызданып.

Ахан осы арада ақырын күлімсіреді. жылы қоңыр жүзі,



отты, байыпты кішкене көзі әлде бір ойға елегізгендей күлімсірейді. Ол ана екеуіне қарап, аз кідіріп тұрды да, бұрылып өз жөніне кетті.

— Ахан ба, Ахан ақылды, колхозшылар оны жақсы көреді. Мен білем. Пионерлер де Аханды мақтайды, — деді.

— Мақтай берсін...

— Бағана өзің суға барайық демеп пе едің?..

— Енді не қыл дейсің? Мен малға барам, суға сен бар. Жұмыс кезінде сенімен бірге су бойын кезіп жүрсем...

— Ақылды өзі, Аханадан да ақылды... — деді Құмар Ахан кеткен жаққа бар денесімен бұрылып.


— Сен де ақылдысың, я... — деді Қадыр.

— Ә, Ахан бар жұмысты өзі істейді: оған ешкім де айтпайды. Ә, сен малға өзің сұранып барғалы жүртен жоқсың. Саған күнде малға бар дейді. Сен әлі мұнда жүрсің. Ахан айтқызбай Момын анайға болысып жүр, ал, сен мұнда төкпе жүрсің. Мен білем.

Қадыр Аханға айтқан сөздерінің төрістігін енді түсінді. Бір жасы болса да, өзінен кіші Құмардың та-

басына қалу — оған жаман батып тұрғанға ұқсайды. Үндемейді, аузына орайлы сөз де түспей тұр.

— Мен жаздай мал бағысам; білдің бе? — деді. Қызарақтап, булығы сөйлеп.



ӨНЕРПАЗДАР

(Бір көріністі пьеса)

В. ОХОТНИКОВ

Қатысушылар:

Сева Кукушкин, Костя Караваев, Сережа, Володя, Славик, — 12—13 жастағы оқушылар.

Олег — Костяның ағасы. Қысқа толқынды радио—ауесқой 18-20 жастарда.

Соня — Костяның апасы, 14 жаста.

Бөлме. Бөлме ішінде-екі стол. Мұның біреуі — әр түрлі радиоаппараттары бар радио—ауесқойлардың жұмыс столы. Шыттауықтар орнатылған, аспаптар жатыр. Шашылып жатқан әртүрлі катушкалардың, батарейлердің, радио шамдарының ортасында ең алдымен, бос варенье банкасы сыяқты үлкен мөлдір банка көрінеді. Айқұш-үйқыш жатқан сымдар.

Жұмыс столында — Костя мен Сева. Бірі арамен бірнәрсені кесіп, балғамен ұрып жатыр. Екіншісі, қайшымен құрғақ батарейдің смола құятын жерін шұқылап отыр. Соня кіреді. Бөлме ішіндегі тәртіпсіздікті, стол жанындағы қоқсықтарды көріп, оның ызасы келеді.

СОНЯ. Бұл сұмдық қой. Олег өз столында мұндай тәртіпсіздіктерге неге жол береді екен. Сендер бүлінгенін жақсы көресіңдер. Бұл көмірді шұқылау не үшін керек болды. Мен сендерден сұрап тұрмын?!

КОСТЯ. Тынышталшы, Соняжан, Бұл көмір емес. Смола.

СОНЯ. Таптың, тыныштандыруды. Бәрі бір емес пе?

СЕВА. Әрине, бәрі бір емес. Көмір—электр тоғын шала өткізеді, ал смола өткізбейді... Ди—э—лек—рик.

СОНЯ. Сен өзің диэлектриксің. Бұнда келіп ластағанша, өткізгіштерің мен шала өткізгіштеріңді өз үйіне апарып әуреленсең еді.

КОСТЯ. Жетер-жетер, тұрпайыланба. Аяқ астынан кожа бола қоюын... Олегтің өзі ұлықсағ еткен. Біз тәжірибе жасап жатырмыз. Көрмеймісің.

СОНЯ (Ешкімге қарамастан, бөлмені жыйнастыра жүріп). Жұрттың ағасы аға сыяқты, ал менің...

КОСТЯ. Абайлап сөйле. Олег атақты радиоауесқой. Оны Совет Одағының қысқа толқынды радиошылары тегіс біледі. Ал сенің (кекете): му—зы—кант—ша... екенінді мен де білем. Күн ұзын роялды күңгірлетесің де отырасың.

Соня шегініп кетеді Костя көзінің сұғымен шығарып салады.

СЕВА. (ақырын). Костя, біз шынында да... (еденді нұсқап) әлем тәпірігін шығарыңыз ғой. Ал, оның өзі бұл жөнінде ештеңе де түсінбейді. Оған түсіндіру керек.

КОСТЯ. Мейлің, түсіндіріп көр.

СЕВА. (батыл). Соня! Менің сөзімді тындашы. Бері қара... (оған жақындай түседі). Міне, мынау менің қолымдағы құрғақ гальваникалық элемент. Былайша айтқанда, электр тоғының көзі. Егер осындай элементтерден тұтас батарея құрасақ, онымен радиоқабылдағыш

жұмыс істей алады. Ал, қалта фонарының батарейкасы осындай, бірақ кішірек үш элементтен ғана құралған. Өзің-ақ айтшы, қызық емес пе?

СОНЯ (түнжырап). Түк те қызығы жоқ.

СЕВА. Мен сенің неге бұлай айтып тұрғаныңды білемін. Гальваникалық элементтің қалай жасалғанын сенің өзің білмейсің. Қарашы. (Соня сырт айналады. Сева орағыта жолын кесіп). Міне, мынау—мырышпен қапталған коробка. Біз оны ептеп кесіп, ішінде не бар екенін көрдік. Ішінде көмір таяқша бар екен. Электр элементтердің тотығуынан пайда болады, көркемдеп айтқанда мырыш жанады...

СОНЯ. Сендер ерт шығарарсындар осы.

СЕВА. Е қойшы, Соняжан. Мырыш элементтерде ешқандай жалынсыз-ақ жана береді, яғни тотығады. Міне, тіпті оның қалай тотыққаны да көрініп тұр... Бұл әлдеқашанғы ескі элемент. Ал, мынау көмір электр тоғын сыртқа шығару үшін өткізгіш болады. Мен қазір анығырақ көрінуі үшін, тағы да мырыш коробканы ашыңқырайын. (коробканы күшпен бұзады). Мырыш коробкасы элементте теріс полюс те, темір көмір таяқша—оң...

Элемент еденге түсіп кетеді.

СОНЯ (ашуланып). Ой элементтің құрсын. Еденге қара! Не бұл?

СЕВА. Мен мұны байқамай түсіріп алдым. Бәрі де жыйнап аламын... (Элементтен ұшып кеткен смола түйірлерін еденнен жыйнайды). Бірақ, радиоауесқойлары жөнінде жаман пікірде болуға жарамайды, Соня (столға беттейді). Барлық радиоауесқойлар да өзге өнерпаздар сыяқты. Біздер де солаймыз.

СОНЯ. Мен сендердің қандай «өнерпаздар» екендеріңді көріп тұрмын. Өздерің бөлмені осынша неге былғадыңдар.

КОСТЯ. Біз тәжірибе жасап жатырмыз ғой. Элементті толықтырып, жақсартып жатырмыз ғой. Ал мұндайда әбігерсіз, лассыз болмайды емес пе?

СЕВА. Бұл тамаша жасалған үлкен элемент болады. Бұның бір өзінен қалта фонарының лампысы жанады. Міне, мұнда қарашы... (көрсетеді). Бұл, ішінде электроролитті сұйық заты бар банка. Оның ішінде көмір таяқша тұр. Қуаттылығын арттыру үшін тағыда біреуін ролитті сұйық заты бар банка. Оның ішінде көмір таяқшаны банканың ішіне салып жібереді). Сымдары шатасқан жоқ па. Міне соны тексеріп, анықтау керек... Ой?! Бұл немене?

Электр сымның ұшына ілініп тұрған шам жарқ ете қалады. Балалар секіріп түседі, аң—таң боп қарай қалады. Шам жыпылықтайды да сөнеді.

КОСТЯ. Ғажап. Әлі мырыш электроды дайын емес. Ал элемент болса жұмыс істеп тұр.

СЕВА. Естіген емен. Бір ғана көмір электродында...

СОНЯ. Бүлдірдіңдер де, өздерің де не екенін білмейсіңдер ғой.

Олег кіреді.

ОЛЕГ. О сабаздар, алхимияны додалап жатырсыңдар ма? Жұмысты қоқытбай, жөндірек істесеңдер қайтеді.

СОНЯ. Бәсе десейші! Мен бұларға солай десем тіпті тыңдағысыда келмейді. Олардың элементінде мырыш орнына көмір жанады...

ОЛЕГ. Не, немене дейсіз?

КОСТЯ. Ғажап нәрсе. Олег! Бізде Мырышсыз гальваникалық элемент шықты. Жаңа ғана шам жанды... Міне бері қарашы: банка ішінде тек қана көмір бар.

ОЛЕГ (шымшыма, кекесімен). Ә—ә, сендер ғылым мен техниканың бір күрделі түйінін шешіп қойғанға ұқсайсыңдар ғой. Жолдарың болсын, жасталаптар. Айтпақшы атақты өнерпаздар. Сендер дүние жүзінде әлі ешкім шеше алмаған ғылым түйінін шешіпсіңдер.

КОСТЯ. Жоқ, кекетпе! Дұрыстап қарашы өзін...

ОЛЕГ. Қазір қараймын. (Жазу столына келеді де, бірнәрсені іздей бастайды).

СОНЯ. Қойшы, осы бозымдардан не шығады дейсің. Осылар қандай түйінді шешті деп тұрсын.

ОЛЕГ. Орасан үлкен түйінді. Соняжан... ғылыми-техникалық өте маңызды мәселелерді. (кітабын қайта қарап). Міне, танысып көр, электр станциясында бу машинасының отынына таскөмір жағылады. Нәтижесінде не пайда болады?

СОНЯ. Түтін мен ыс.

КОСТЯ. Мәссаған! Ең бастысы ол емес. Сен осы тазалықтың ғана соңына түсіп, басқамен мүлде ісің болмай кеткен.

СЕВА. Оның ең бастысы — қуат бөлініп шығады.

ОЛЕГ. Дұрыс (стол тартпасын ақтарады). Жанған кезде көмірдегі химиялық қуат жылу қуатына айналады. Осыдан кейін қазанда бу пайда болады. Ол бу будан кейін бу машинасының немесе турбинаның дөңгелегін айналдырады. Ал, бу машинасы электр тогі генераторының белдігін айналдырады. Тек сонда ғана генераторда электр пайда болады. Қайда жоқ боп кетті, әлгі кітап. (күйгелектене стол тартпасын сарт еткізіп, ашып жабады). Міне, сонымен электр қуатына айналғанша, қуат алдымен бірнеше өткелектен өтеді. Қазіргі, тіпті мүлдем жақсарған электр станцияларда да қуат көп ысырап болады. Бұл электр станцияларда тас көмірдегі қуаттың тек жетіден бірі, ал

кейде оннап бір бөлегі ғана электр қуатына айналады. Қалған оннан тоғыз бөлігі ысырап болып кетеді.

СОНЯ. Электр станцияларының директорлары неге мұндай ысырапқа жол береді?

ОЛЕГ. Олар кінәлі емес, Соня. Машинада қуат шығыны болмай қоймайды. Ал, амал қанша, дүние жүзінде әлі күнге отын қуатын бірден тікелей электр қуатына айналдырылатын әдіс табылған емес. Ол әдіс табылса үнем де болар еді. (Аңыру). Бұған ұқсас әдіс кәдімгі гальваника элементтерін алу. Бұған менің жұмыс столымдағы тәжірибе де мысал бола алады. Элементте химиялық қуат барлық өткелектен өтіп, электр қуатына айналады. Мұнан қуат көп жыйналады, оның оннан бірі ғана ысырап болады да, оннан тоғыз электр қуатына айналады. Ал, осыны ойыңа жүгіртіп көр.

СОНЯ. Түкке түсінбеймін... Егер ол сондай пайдалы болса, инженерлер электр станциясында сіздің тап осы гальваникалық элементтеріңізді неге қолданбайды.

КОСТЯ. Па, шіркіннің сезін—ай.

ОЛЕГ. Сұрауың дұрыс. Бірақ Соня оның мәні барын білесің бе? Гальваникалық элементке көмір отын болмайды, жанбайды, ал тұрасын айтқанда оған отын болатын онда жанатын мырыш. Мырыш болса қымбатты металл. Оны қуат алуға пайдалану мүлдем тиімсіз, оған көп мырыш керек. Егер мырыш орнына көмір де жанатын гальваникалық элемент ойланып шығарылса, онда сөз басқа. Мұндай әдіс, электр қуатын электр станциясының бергенінен он есе көп берер еді.

СЕВА. Костя. Сен ұқтың ба?

КОСТЯ. Ғажап екен (қызулана). Мұнда қарашы. Олег!

СОНЯ (ынтыға). Олег, олардың шамы жанды. Өзім көрдім. Жанды да сөнді. Бірақ, дегенмен жанды. Олардың вареньеден босатылған бұл банкасында мырыш болған жоқ. Өзім көргенмін. Олай болса...

ОЛЕГ (қайта қағыта, әзілмен). Ия, ия. Мен ұмытып та кетіппін. Көмірдің химиялық қуатын тікелей электр қуатына айналдыру жөніндегі дүниежүзілік күрделі мәселе, осы бөлмеде орналасқан біздің бірінші дәрежелі лабораториямызда ғана шешілді. (Лепіріп) Тағы да құттықтаймын... Айтпақшы, жас ғалымдар менің физика оқу кітабым қайда? Айтыңдаршы, тез?

КОСТЯ. Біз алған жоқпыз.

ОЛЕГ. Енді, ол қайда ұшып кетті. Әй сендерден келмесе деп тұрғаны менің ішімнің.

СЕВА. Рас айтамыз, алған жоқпыз. Бізге ол неменге керек.

ОЛЕГ. Қалайша, сендер тіпті кітапсыз-ақ осындай ғажап жаңалықты аша алдыңдар ма?

СЕВА. Я тап солай. Тіпті ғайыбынан болды. Бір нәрселер қосылады, араласады ақырында дәл біздікі сыяқты болып шыға келеді.

ОЛЕГ. Аға, түсінікті. Демек еш қандай қыйындықсыз-ақ еш қандай еңбексіз-ақ па? Солай, солай... Мен сендердің данышпандық жаңалықтарына шүбәләна бастадым...

Стол үстіндегі шам ешкім тимей-ақ жарқ ете қалады. Сева мен Соня қуанғанынан айғайлап жібереді.

КОСТЯ. Тағы жанды. Егер сенбесең, қарашы. Олег. Қарашы!

СЕВА. Жанды! Жанды! Ура!!!





Шам жарығы қалтырай бастайды да бірнеше рет жыпылықтап барып, сөнеді.

ОЛЕГ (Столға жақындап). Ғажап. Қәне, қарайын не болғанын, сендердің бұларыңды да, (столды қарап шығады), Электрлігі бар банка... Мұсатыр ертіндісі ме?

КОСТЯ мен СЕВА. (қосарласа). Ие.

ОЛЕГ. Көмір электроды. Расында мырыш жоқ. Өте ғажап... Мына сымдар мұнда келген... Немене сымдарың өте көп шатасқан ба? Мына сымдар мұнда келген... Сосын, сымға... Тіпті түсініксіз нәрсе.

КОСТЯ. Міне, көресің бе! Көресің бе! Міне, ғайыбынан болған жаңалық.

СОНЯ. О қалай қызық екен.

ОЛЕГ. Өте қызық (еңкейеді де, үңіліп бірнәрсені қарайды. Бір сымды қолымен қозғап еді, шам қайтадан жанды) Аһа..

БАРЛЫҒЫ: Не! Бұл не?!

ОЛЕГ. (Біраз кідірістен кейін, сабырлы түрде) Тағы да жанды. Міне керемет. Ал, достар, енді іс оңайланды. Неге, неліктен? — деген сұрауға жауап беру үшін, мына схеманы тексеру керек. (сағатына қарайды). Қап, менің уақытым жоқ, қазір менің кетуім керек. Жарайды, я мұндай болмашы нәрсе қолдарыңнан келеді. Сәтті болуың тілеймін. (Есікке барды да, басын шайқап). Керемет. Қараңыз, ол енді сөнбейді. (кетеді.)

Костя мен Сева қуанышты түрде біріне-бірі құшағын жаяды.

СЕВА. Біз осындай үлкен жаңалық аша аламыз деп, сен ойладың ба?

КОСТЯ. Әрине, ойлағаным жоқ... (ойланып). Егер шын болса... Жақсы...

СЕВА. Сен әлі шүбәленасың ба?

КОСТЯ. Дегенмен, ғайыбынан болған ғажап нәрсе.

СЕВА (жайымен). Көріп тұрсың ғой. Костя сен мынаны ойла: біздер бүкіл дүние жүзінің электротехниктері мен химиктерінің сан жылғы еңбегін сарп етсе де, жасай алмаған ісін жасадық. Келешекте осы кішкене бөлмеде музей болуы мүмкін,—ия, ия, Соня күлімсіремей ақ қой. — музей болады, физика білімімен нашар қаруланған біздер, Всеволод Кукушкин және Константин Қараваев тот басқан бұрғы, кәдімгі жай балға, асхана пышағын есептемегенде, еш бір құралсыз-ақ, қаңылтыр қыйындыларымен, смола бөлшектерімен, катушкалармен толған осы қарапайым столда, бұл маңызды жаңалықты кездейсоқ-ақ аша білдік...

КОСТЯ (шырай бере). Жарайды, жарайды... (оның жүзі бірнәрсені ойлағандай белгі (беріп.) Сева, әрбір табылған жаңалық көп тексерулерді керек етеді деп. Олег дұрыс айтады ғой. Біздің «көмір генераторымыз» қалайша және ненің себебінен жұмыс істейтінін тексеруіміз керек және түсінік беруіміз керек.

СЕВА. Сен біздің ашқан жаңалығымызды «көмір генераторы» деп атау керек, деп ойлайсың ба.

КОСТЯ. Атамағанда ше! Осылай деу дұрыс-ақ.

СОНЯ. Әдемі атау.

СЕВА (тынышсызданып). Маран... Мен электролитті еріткен кезімде... банканың ішіне байқаусызда бір сұрғылт заттың түйіршігі түсіп кеткендей боп еді... Мүмкін бұл осыдан болып отырған шығар...

КОСТЯ. Мүмкін. Қәнекей, әкел қарайық.

СЕВА. Тұра тұр. Тағы бір нәрсесі бұлдіріп алармыз. Ешкімге көрсетуге де болмай қалар... Білесің бе!

КОСТЯ. Ал, енді?

СЕВА. Газеттердің бірінің тілшісін осында шақырсақ қайтеді. Айталық мысалға, «Пионер правдасынан».

КОСТЯ. Ия, тұра тұр сен.

СЕВА. Ендеше балаларды: Сережканы, Володканы, Славикті шақырайық. Тексеріп үлгереміз әлі. (Бөлмеде ерсілі-қарсылы жүреді де, артынан жүгіріп шығып кетеді.)

СОНЯ. Костяжан! Сен апана ашуланған жоқсың ба? Мен, алдымен мұндай тәртіпсіздіктер болмайынша, маңызды жаңалық ашуға болмайтынын білмедім ғой. Творчестволық қызмет—мыйдың күшті қызметі... Мұнда әрине таза болмауы...

КОСТЯ. Немене сен, Соня. (ойланып) Қандай жақсы болар еді... Сен тек ойлашы...

СОНЯ. Әрине... Көмір қазу үшін шахтерлер қаншама еңбек істейді. Ал, электр станциясында оны қалай болса-солай жағады. Онда қорытылған қуаттың оннан бірі ғана электр қуатына айналады дегенге, тіпті сенуге де болмайды.

КОСТЯ. Ия. Бұл солай. Олег бәрін де біледі... Мені тек қана бірнәрсе күмәндандырады... қалайша ол... саған қалайша түсіндірсем екен... Бізді кекетіп сөйлейді. Қалжыңдап айтпай ма екен, ол.

СОНЯ. Ж—жок, олай деп ойламаймын. Ал, тіпті бұнда қандай қалжың болуы мүмкін. Жанды ғой. Мырышсыз-ақ жанды.

КОСТЯ. Ол рас қой. Дегенмен бір түрлі ғажап... Кенет бірден, ойламаған жерден—жаңалық...

СОНЯ. Сондай кездейсоқ емес пе өзі.

КОСТЯ. Айтып тұрғаным сол ғой, кездейсоқ...

Севаның даусы: (сахна сыртынан даурыға) Электр станциясы мен барлық бу машиналары — әне! Барлық электр машиналары — әне!

Сева кіреді. Оның артынан Сережа, Володя, Славик кіреді.

СЕВА. Қазір біз сендерге қызық көрсетеміз. Көрсіндер ме? Жана ма?

СЕРЕЖА. Жанады.

ВОЛОДЯ. Ал, жанса қайтдейсің.

СЕВА. Ай, сен. Көмірмен жанады. Бұл банканың ішіндегі көмір тікелей электр қуатына айналып тұр. Түсінесің бе?

СЛАВИК. Ә, дұрыс, балалар, мұнда мырыш жоқ екен ғой.

СЕВА. Үлкен шыны банкасы тұр делік.

СОНЯ. Вареньеден босатылған банка тәрізді.

СЕВА. Ия, солай. Тек өте үлкен. Төбеге жетеді... Оның ішіне арнаулы түтіктермен көмір толтырылады.

(барлығы құмарта тыңдайды) көпіршік. Ушқындар ұшады... А, вольтметрде жүз жыйырма вольт. Екі жүз жыйырма вольт... Мың вольт... Жүз мың вольт...

СЕРЕЖА. Ал, судың күшімен жұмыс істейтін су электростанцияларында қалай болады.

КОСЯ. Біз ол турасында әңгіме етпейміз, ол өзінше жұмыс істей берсін. Көмір жағады ғой, олар, А, бу электр станцияларының бәрін қайта құрамыз. Білесіндер ме, Қуат сым арқылы завод, фабрикаларға жетеді, үйлерді, клубтарды жарық етеді... Арзан қуатты аямаса да болады. Электр пештерін, жаңа станоктерді қанша болса да орнатуға болады.

СЕРЕЖА. Сендер мұны қалай ойлап таптыңдар.



СЕВА. Еш қандай да ойлаған жоқпыз. Кездейсоқ таптық.

ВОЛОДЯ. Сөйтсе де шам неге жанады. («элементті» қарайды) Мұның бір мәнісі болу керек емес пе?

СЕВА. Өте дұрыс. Бірақ бұл нағыз техникалық мәселе. Ал біз әлі өзіміздің схемамызды зерттеген жоқпыз.

СЕРЕЖА. Тіпті жазап, не жасағандарын өздері де білмейді.

КОСТЯ. Барлық кілтпап осында. Ал енді сен бері кара, элемент мырышсыз жұмыс істейді де, мырыштың орнына көмір жанады. Мұндай іс әлі дүниеде болған емес. Оқымыстылар бұл іспен әлдеқашан шұғылданса да, олардың ешқайсысы да іс жүзінде әлі тыянақты нәтиже берген жоқ.

СЕВА (пазданып). Ендеше сол нәтижеге біз жеттік.

ВОЛОДЯ (сымдарды карап). Сүйтіп сендер шынында да шамның неліктен жанатынын білмейсіңдер ме?

КОСТЯ. Ия, әзірше білмейміз. Бірақ...

ВОЛОДЯ. Міне, шөрегей бастар. (бір сымды қозғап қалып еді, шам сөніп қалды). Міне, сендердің барлық құпияларың.

СЕВА (бөрліге). Сен не істеп қойдың.. (столға ұмтылады).

ВОЛОДЯ. Қорықпа. Тағы жанғанын көргің келсе, мінекей.

Шам қайтадан жарқ ете қалады, есіктен Олег көрінеді. Ол үндемей, күлімсіреп қана балаларды бақылайды. Балалар оны көрмейді.

СЛАВИК. Ия, Володя сен де ұлы өнерпазсың.

КОСТЯ. Мұның сырын сен аштың ба?

ВОЛОДЯ. Мұнда не сыр болсын. Сымның астынан кәдімгі қалта батареикасын тығып қойғансыңдар. Міне, шам сонан жанған. Міне, жалаңаш сымның, міне батареика. (батареиканы суырып алып, барлығына көрсетеді) Тіпті баланың ойыншығы.

СЕРЕЖА. Сендердің фокустерің іске аспай қалды. Сендер оны бірінші класс балаларына көрсетсеңдер енді. Солай емес пе?!

КОСТЯ (сасқалақтап). Бұл мүмкін емес... Қалайша булай.

СЕВА (түнжырап). Біз, ешнәрсе де тығып қойғанымыз жоқ. Бұл... бұл... Тағы да... бұл кездей соқ.

СЛАВИК. Ез малтаңды. Жігітім, біз де бір нәрсені аз-мұздап түсінетін шығармыз.

СЕРЕЖА (мысқылдап). Тағы қандай жаңалықтарың бар. Көрсетсеңдерші.


Олег диванға отырады. Балалар оның айналасына топталады.

ОЛЕГ. Кездейсоқ ашыла салған жаңалықтар жөнінде әр түрлі аңыздар көп айтылады. Бұл әңгіменің құны бір тыйын, балалар. Ол жалқаулар мен еріншектерге ғана ұнайды... Ғылыми жаңалық ашу немесе табу үшін, қажырлы жанқырлық еңбек, терең білім керек. Барлық қыйыншылықтарды жеңіп шығуға дайын болу үшін, шын ықласпен іске беріле білу шарт. Сәтсіздіктен өнжырғасы түспей, оған қарсы күресе білу қажет.

СОНЯ. Әлде кімдер сыяқты емес...

СЕВА. Жарайды, жетер Соня.

ОЛЕГ. Сендер, қандай да бір түсініксіз оқыйғаны



көрдіндер деп айталық. Не істеу керек. Зерттеу керек, тексеру керек, байқап көру керек—мың рет тексеру керек. А, «кездейсоқ» таптық деп масаттануға болмайды... Мен сендердің бұл «гажаптарыңды» өздерің тексеріп, анығына жетіп, шамның неліктен жанғанын өздерің анықтасандар екен деп едім. Сонан кейін кездейсоқ істен үміт күтуге болмайтындығына өздеріңнің көздерің жетсе екен деп едім. Сендердің шамдарының мырышсыз элементтен жанбай, стол үстіндегі тәртіпсіздіктің салдарынан, қасында жатқан қалта батареіне сымның жалғанып кеткендігінен жанғанын мен сонда-ақ байқағанмын.

СОНЯ. Мен де байқап едім...

СЕВА. Сен нені байқап едің.

СОНЯ. Сендердің соншалық ұқыпсыз жұмыс істегендеріңді. Бәрін де ластадыңдар...

КОСТЯ (сөзін бөліп). Бөгет жасамашы.

СЛАВИК. Ия, көмірден шыққан қуаттың бірден электр қуатына айналуы мүмкін емес.

ОЛЕГ. Жоқ балалар, мүмкін. (Түрегеліп, жігерлене сөйлейді.) Бұл, ғылым мен техникадағы бір қызықты, күрделі мәселе. Егер оны шешкен болсақ, не болатынын сендер түсінесіңдер ме? Электр қуатын қорытуға кететін отын қаншама үнемделген болар еді.

Балалар, бұл мәселені өз өміріңнің соңғы кездерінде біздің ұлы отандасымыз, электр жарығын және көптеген тамаша электр машиналарын ойлап табушы Павел Николаевич Яблочков ұсынған болатын. Ол өзінің ісін дамытушылар болатындығына сенді. Олар бар да; кім біледі, бұл мәселені шешу қолынан келетін адам мүмкін қазір осында, сендердің араларыңда отырған шығар, балалар. Ал, сендер қалай ойлайсыңдар?

Шымылдық.

Аударғандар:

С. КАДЫРОВ.
А. БЕКНЫЯЗОВ.



ШЕҒ ЕЛДЕРДЕГІ ДОСТАРЫМЫЗ

Капиталистік елдердегі, тәуелді және отар елдердегі еңбекшілердің балаларының халы өте ауыр. Балалардың оқығысы келеді. Бірақ олардың не кітабы, не дәптері, не үстіне ілер ылпасы жоқ. Мысалы, Америкадағы мектеп жасындағы балалардың бестен бір бөлегі осы себепті мектепке бара алмайды. Балалар қаршадай күнімен фабрикаларға, мастерскойларға барып, лажсыз жұмысқа кіреді, өйткені оларды асырауға туыстарының күші жетпейді. Бразилияның бір өзінде 3,5 миллион жеті-сегіз жасар балалар өндірісте, байларда жұмыс істейді.

Отар елдердегі балалардың тұрмысы мұнан да бетер жамап Индияда балаларды төрт жасынан бастап жұмысқа салады. Оның аудандарындағы балалардың небәрі жеті-сегіз проценті мектепке барады.

Аштық, қайыршылық, тұрмыстың ауыр азабы балаларды сұрапыл өлімге ұшыратады. Африкадағы отар елдерде, Индияда, Бразилияда және Латын Америкасының басқа елдерінде балалардың тең жарымы бес жасқа жетпей қырылады.

Капиталистік мемлекеттер балалардың ұйымға бірігуіне қасақана қырсық жасайды. Егер пионерлер Италияда көшеге галстук тағып шыға қалса, табанда полиция ұстап әкетеді. Австрияда, Италияда, Финляндияда, Францияда пионерлердің мектепте бас қосуына жол жоқ. Мұнда жебір мұғалімдер, пионерлерді ілгергі класқа көшірмей тастау үшін оларға бағаны кемітіп қояды.

Быйыл бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік конгресін құттықтау үшін және еңбекшілердің еш уақытта тағы да соғыс болуын тілемейтінін айту үшін Париждың миллионнан көп халқы Буффало стадионына жыйналды. Жыйынның нағыз қызу үстіне сапқа тізілген француз балалары да келіп жетті. Олардың қолындағы туына: «Біз бейбітшілікті тілейміз. Біздің өмір сүргіміз келеді!» деп жазылған. Тап осы кезде сөз сөйлеп тұрған американың прогресшіл жазушысы Фаст, балаларға қарап:

— Не, сендер өмір сүре бересіңдер, балалар, өйткені—дүниеде Совет Одағы дейтін ел бар,—деді.

Францияның Савой деген жерінде осыдан он жыл бұрын екі мұғалім, Испаниядан келген жетім балаларды паналату үшін балалар үйін ашқанды. Неміс басқыншылығы жылдарында бұл үйге көп панасыз-

дар келді. Гитлершіл жеңдеттер француз патриоттарын жазықсыз атып, олардың жас сәбилерін зар илетті. Солардың көбіне осы үй пана болды. Бір күні немістерден жасырынып жүрген бір партизан осы үйге келіп қонды. Ол балаларға совет елінің пионерлері жайында, «Артек» лагері жайында қызық әңгімелер айтып берді. Бірақ, лагерьдің атын шатастырып ол «Торжок» деді. Совет пионерлерінің өмірі туралы әңгімеге сүйсінген балалар өзінің үйін «Балалардың Торжок республикасы» деп атады. Совет Одағындағы пионерлер лагерінің аты «Торжок» емес «Артек» екенін олар кейіннен білді. Сонда да өздерінің үйінің атын өзгерткен жоқ. Бұл үйде қазір 60 бала бар. Бұлардың бәрі ата-анасын басқыншылар өлтірген панасыздар. Олар жуырда Москва оқушыларына хат жазып, сыйлықтар жіберді. «Үмітіміз—Совет Одағы! Біз еліміздің бостандығы, болашағы үшін күреске әзірленеміз», деді олар.

Жаңа демократиялық елдердегі балалардың тұрмысы жақсара бастады. Мұнда балалар ересектермен тең, бақытты өмір сүруге право алды.

Быйылғы Май мейрамы қарсаңында Румынияның астанасы—Бухаресте тұңғыш рет пионер отрядтары құрыла бастады. Астананың он үш мектебінде пионер отрядтарының ұйымдасуына арналған салтанатты жыйындар өткізілді. Пионерлер бұл жыйындарда, елде социализм құру ісіне аянбай көмектесеміз, деп ант берді. Балалар И. В. Сталин жолдасқа былай деп телеграмма жолдады:

«Біздің, Румыния Халық Республикасының балаларының үміті, сенімі, сәулетті болашағы, бейбітшілік үшін күресуші еңбекші адамзаттың көсемі—Сізсіз».

Біз әлі жас болғанымызбен, соғыс хасіретін бастан кешіргендерміз. Біздің көбіміз—жетімдерміз. Біз өзімізді өлімнен алып қалған жеңімпаз Совет Армиясы екенін ешқашан ұмытпаймыз. Біздер, ұлы Совет Одағы және барлық елдердің еңбекшілері, олармен бірге біздің халқымыз да бейбітшілік пен бостандық жауларының қылмысты жоспарын іске асыртпайтын күшті, жеңімпаз майдан құратынын жақсы білеміз».

«Біздің дружинамыз, — деп жазады Венгрияның пионерлері,—заводты гүлдермен, жалаулармен безендіруге міндеттенді. Біз, заводтағы балалар алаңын

тазартып тегістеуді міндетімізге алдық. Заводымыздың жұмысындай белгіленген жаңа директоры бұған сыйлыққа, бізге, қол жасатып беретін болды.

Біздің бұл жұмысымыз, әрине сонша үлкен жұмыс емес. Сонда да біз өзіміздің жақсы оқуымызбен, қолдан келген әл жетер ісімізбен үлкендердің отанымызды—көркейіп кележатқан бақытты Венгрияны—өркендете беруіне көмектесетінімізді білеміз».

Тек бір Венгрияның емес, халық демократиясы елдерінің барлығының: Албанияның, Болгарияның, Чехословакияның, Польшаның балалары да осындай игі жұмыстармен шұғылданады, оқыйды, рахаттана көңіл көтереді.

Болгария астанасы — София маңында жастардың еңбек бригадасы сентябрияларға арнап тамаша қала салып жатыр. Мұнда көп зәулім, әдемі үйлер, театр, кино, стадион, жас техниктер мен агрономдар станциясы, планершілер мен авиомодельшілердің жазғы алаңы болады. Қаладан бұл жерге дейін, Совет Одағындағы пионерлер темір жолына ұқсас, теміржол салынады.

Осы күннің өзінде көптеген сентябриялар дружиналарының өздерінің Мичуриң ғылымын еміп-еркін қолданатын тәжірибе учаскелері бар. Слатиондағы, Пещерадағы сентябриялар қауынды асқабақпен, помидорды бақлақпен будандастырғандықтарын сүйсіне жазады. Бұл, жүздеген жылдар ғылымнан гөрі табиғаттың қайырымына көбірек табынған елде болып жатқан жаңалықтар.

Біздің елдегі жақсы өмір, балалардың қызықты оқуы, қуанышты ісі, жаңа демократия елдеріндегі жас жеткілшектердің бостандыққа жеткен шаттығы бүкіл жер шарындағы балаларға естіліп жатады. Бұл елдердегі жақсылықтың бәрі ұйымдасудан өкенип шет елдегі балалар да біледі. Сол себепті олар да ұйымдасады.

Қазірдің өзінде дүние жүзіндегі жыйырма екі елдің 5 миллион еңбекші балаларының мойнында пионер галстугі бар. Монголия Халық Республикасының пионерлері, Болгарияның сентябриялары, Италия мен Қытайдың пионерлері алқызыл галстук тағады.

Көк түс-еңбек етуді бейнелейді. Венгрияның пионерлері, Финляндияның демократияшыл пионерлері, Германияның былтырғы декабрьде құрылған «Пионерлер одағының» мүшелері көк галстук тағады. Испанияның бостандығы үшін күресушілердің балалары да өздерінің «Алерта» («Сақшы») деген ұйымын құрды.

Пионер ұйымдары әр елде әр түрлі: Грецияда — «Қыран балапан», Францияда — «Қаһармандар одағы», Австрияда — «Жас гвардия», Болгарияда — «Сентябриялар» деп аталады. Отаршы француз империалистерге қарсы үш жылдан бері батырлық күрес жүргізіп келе жатқан кішкене Вьетнам республикасының балалары «Балалардың отанды қорғау қалу қозғалысына» бірікті.

Жер шарының бар елдерінде берік бейбітшілік



Грек патриоттарының балалары көршілес демократиялық елдерде тәрбиеленеді. Суретте: Чехословакияда тәрбиеленіп жатқан бір топ грек балалары.

үшін, халықтар арасындағы достық үшін, соғыс қаупіне қарсы халықтың күшті қозғалысы қанат жайды.

Американ-ағылшын империалистер соғыс өртіп тұтатпақ болады, сөйте тұра олар арсыздықпен Совет Одағы соғысқа әзірленіп жатыр деп өтірікті мыжыйды.

Бірақ барлық елдің еңбекшілері өздерін империалистердің алдағысы келетінін, қанаушылардың пайдасын көзден еңбекшілердің қанын төкпек болатынын әбден біледі. Міне сол себепті еңбекшілер бейбітшілікті тегеурінді қорғауға бекінген Совет Одағынан бұрынғыдан да басым деп қоя үміттенеді. Жаңа соғыста мамыт болып қырғынға ұшырағысы келмейтін көп миллион қарапайым адамдардың, көзін үміттенсе біздің елден айырмайтын себебі, міне осыдан.

Бейбітшілікті қорғауға мәдениеттің ең игі жақсы қайраткерлері-ғалымдар, жазушылар, мұғалімдер, суретшілер төбірене кірісті. Олармен қол ұстаса бүкіл елдердің еңбекшілері-жұмысшылар, шаруалар, әйелдер көтерілді. Бүкіл дүние жүзінің демократияшыл жастары да соғыс өртіп тұтандырушыларға ашына қарсы шықты. Балалардың қарсылық үні күшті естіледі.

Бұл ашынған ащы үндер-соғысқа қарсылық үндері тайны елдердің бірінен біріне ұласып барады. Енді бұл шет елдердегі некен-салқ балалар емес, бұл үлкендермен қосылып бейбітшілікті қорғауға жұмылған миллион-миллион балалар. «Біз соғысты тілемейміз, біз тұра бейбітшілік пен бостандықты тілейміз. Соғыс тілегендерге лағнет. Ондайлардың күлі көкке ұшсын» дейді шет ел еңбекшілерінің балалары, совет жастарына жазған хаттарында. Олар өздерінің осы тәрізді хаттарын «битаныс советтік досыма» деп жібереді. Олардың осы досы — совет балалары мен жастары-өзінің шетелдік достарын қызу қолдайды, олардың табыстан табысқа жете беруін тілейді.

Ф. ЮМАШЕВ.


Қатар эстафета

Ойыншылар екі командаға бөлініп, екі сапқа бірінің соңынан бірі тұрады. Командалар бір-бірімен қатар орналасады. Екі команданың арасы 2—3 адымнан жақын болмауы керек.

Әрбір команданың алдына старт сызығы сызылады. Старт сызығынан 20—40 метр қашықтықта жалау немесе таяқ қағылады (оның орнына орындық және т. б. белгі қоюға болады). Әрбір команда өз капитандарын сайлайды, олар өз командаларының бірінші ойыншысы болып алда тұрады. Әр капитанға бір эстафета (боялған қысқа таяқ болмаса жалау) беріледі.

Вожатыйдың: «Дайындал — тыңдаңдар — марш» деген командасы берілісімен капитандар шапшаң алға ұмтыла жүгіреді, өз жалауына жетіп оны айналып өтіп, сол бойымен жүгіріп келіп өз командасының екінші ойыншысына эстафетаны ұсынады.

Эстафетаны қабылдаған ойыншы алға ешбір кідірусіз жүгіріп шығып, жаңағы капитан сыяқты, алдағы жалауды тез айналып келіп эстафетаны өзінен кейінгі ойыншыға тапсырады. Ендігі кезек үшінші, төртінші... ойыншы т. б. ойыншылардікі.



Эстафетамен алға жүгіріп барып келген ойыншы өз командасының соңына келіп тұрады. Капитан соңғы ойыншының қолынан эстафетаны қабылдағанда, ойын аяқталады. Қай команданың капитаны өз эстафетасын бұрын көтерсе, сол команда жеңіп шығады.

Ойын осылай қайталана береді.

В. М. ЗИМИН,

Абай атындағы педагогика институтының аға оқытушысы.

А. П. ЧЕХОВ

(Қайтыс болғанына 45 жыл).

Орыс халқының ұлы жазушысы Антон Павлович Чехов 1860 жылы январьдың 17 күні Таганрог қаласында туды. Ол алғашқыда Таганрогтегі грек мектебінде оқиды. Кейіннен гимназияны бітіреді.

Гимназияда оқып жүргенде, оқытушылар оның сергектігіне, көңілділігіне, сөзінің сықақпен келуіне сүйсініп, оны «Чехонте» деп атайды. Бұдан кейін оны балалар да «Чехонте» деп атап кетеді. Ол қолжазба түрде журнал шығарып, оған «Чехонте» деп қол қояды.

Антон Павлович гимназияны бітірген соң, Москва университетінің медицина факультетіне оқуға түседі. Бұл кезде ол баспасөздерге түрліше күлдіргі әңгіме жазып тұрады. Ол өзінің алғаш басылған «Дон помещигі Степан Владимирович Н-нің оқымысты көршісі доктор Фридрих-ка хаты» деген әңгімесінің өзінде сол кездегі оқымыстысымақтардың шалағайлығын келемеждейді.

Чехов әңгіме жазғанда өмірден тақырыпты оң-оңай табады. Оның алғашқы жыйнағы «Ала-кұла әңгімелер» деген атпен шықты, оған «Антоша Чехонте» деп қол қойды.

Антон Павловичтің алғашқы әңгімелерінде күлкі басым болса, енді өмірдегі кемшіліктерге аяусыз соққы, өткір сықақ керек болды. Чехов «Чиновниктің ажалы» деген әңгімесінде ұсақ чиновниктің генерал алдында дүшпінгерінен қорқып қаза табуын баяндаса, «Жуан мен жіңішке» деген әңгімесінде чиновниктер ортасында достық, адамгершіліктің жоқ екенін, бар болса тек дәреже, шенге қарайтынын көрсетеді.

А. П. Чехов «Уитер Пришибесвте» және басқа әңгімелерінде патшалық құрылыстағы өрескел надандық, тонастықтың бетін ашып сықақ етеді. Ал, «Күндақтағы адам» деген әңгімесінде Беликов деген грек тілінің оқытушысы өмірден өзін аулақ салып, жаңалықты көрмеуін, еле-өлгенше тонас қалпында қалып, «бірдеме боп қалмаса иі еді» деп өтуін тамаша суреттеді. Халықты



А. П. Чехов пен А. М. Горький 1910 жылы Ялтада.

сзушілік саясат оң ақыры 9 жасар баланы ауыр халге апарғанын Чехов «Ванька» деген әңгімесінде айқын көрсетті. 9 жасар Ваня етікшіді қолбала болып жүріп, ауыр азап шегеді. Елдегі қарт атасына шалашаршы хат жазып, оны қайда жіберетінін де білмей, «Атайдың деревнясына» деп адрес жазады.

А. П. Чехов өз дәуірінің ұлы сыншысы, айнасы болды. Ол «Шие бағы», «Ваня ағай», «Үш қарындас», орыс театрының туы, белгісі болған «Шағала» атты пьесаларында сол кездегі өмір шындығын суреттеп, театр сахнасын реалистік шығармалармен байытты.

Ұлы көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталин Чеховты сүйіп оқыған, ескі өмірдегі тонастықты, азғындықты сынауға оның шығармаларынан мысал келтіріп отырған. Ұлы жазушылар Л. Толстой, М. Горький Чеховтың талантын жоғары бағалап, оның өмірдегі шындықты шебер көрсетудегі тамаша көркем тіліне сүйсінген.

А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 45 жыл өтсе де, совет халқы оны мәңгі есте сақтайды, оның шығармаларын халқымыз сүйсініп оқиды.

Қ. ТҮРҒАНБАЕВ,

Филология ғылымдарының кандидаты.

ЖАРҚАНАТ

Көптеген ұсақ түн жәндіктерінің өмір-тіршілігі осы уақытқа дейін белгісіз болып келді. Тек соңғы жылдары ғана мичуридік озат ғылыммен қаруланған совет ғалымдары түн түндігін түріп, түн жәндіктерінің өмір-тіршілігіне үніле қарады.

Оқымыстылар бұдан 200 жыл бұрын жарқанаттың өзінің көру сезімінің нашарлығына қарамастан, өте бағдарлай білетіндігін анықтады. Бұл үшін олар мынадай тәжірибе жасады: қараңғы бөлменің ішіне айқыш-ұйқыш жіңішке жіп керді, оған кішкене қонраулар іліп қойды. Сонсоң ішіне жарқанатты қоя берді. Жарқанат қараңғы бөлменің ішінде ешбір жіпке соқтықпай, еркін ұшты.

Жарқанаттың бұл сезімталдығының себебі соңғы жылдары ғана ашылды. Мұның ашылуына арнаулы микрофон және дыбысты пленкаға жазу сыяқты аспаптар себепші болды. Мәселе былай екен: жарқанат өзінің жайшылықтағы дыбысынан басқа, көмекші дыбыстар да шығарады. Бұл қосымша дыбыс толқынының жиілігі соншалық күшті — ол секундтіне 70.000 рет тербеледі. Ал адамның құлағы тек жиілігі секундтіне 50 деп 15.000 ға дейін тербелетін дыбысты қабылдай алады.

Төменгі дыбыстар шеңберлі толқынмен тарайды, ал жоғары, яғни жиілігі күшті дыбыстар белгілі бір бағытпен, қатарланған «дыбыс сәулелері» арқылы тарайды. Мұндай дыбыстар қарсы алдындағы бөгет-

терге тіреліп қайта, кері тербеледі. Оның жаңғырығы алда кедергі барлығын білдіреді. Сөйтіп ұшып келе жатқан жарқанат осы қасиетімен алдында бөгет барлығын біледі де, бағытын шапшаң өзгертеді. Мұндай жағдайда ол не бос жаққа бұрылады, немесе ұсақ түн жәндіктеріне барып соғылады.

Жарқанат түнде ұшып келе жатып кейде адамның басына соғылып, шашына жабысады. Мұның себебі: жарқанаттың қосымша дыбыстарын кері қайтаратын қасиет, тек адамның шашында ғана жоқ. Сондықтан адамның басы жарқанатқа «бос орын» тәрізді болып көрінеді.

Ескі қазақ аулында жарқанат туралы көптеген ертегі, аңыздар болған. Сол аңыздардың бірі: «Егер жарқанаттың қанаты адамның бетіне тиіп кетсе, оның қанатынан аққан ұдың (қанның) зардабынан адамның көзі көрмей қалады» дейді. Бұл аңыздың шындығы ешбір жанасымы жоқ. Өйткені жарқанаттың қанатынан ешқандайда қан тамбайды.

Жарқанат — ұсақ түн жәндіктерінің ішіндегі ең ұзақ өмір сүретіні. Ол 17 жасқа дейін өмір сүре алады. Бұған себеп, оның түрлі зиянды аурулармен ауырмайтыны және ішегінің өте қысқа болуы.

Жарқанат — ауыл шаруашылығы үшін өте пайдалы түн жәндігі. Өйткені ол ауыл шаруашылығына зиянды ұсақ түн жәндіктері мен құрт-құмырсқаларды құртады.

М. ЗВЕРЕВ.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1949 жылғы № 3 санында басылған кроссвордтың шешуі.

Көлденең оқығанда:

1. Айнабулақ. 4. Штамп. 6. Бұқар. 7. Жыл. 8. Парад. 9. Жак. 11. Үйек. 12. Алқа. 14. Күзет. 15. Ақсай. 17. Сайрам. 19. Метро. 22. Тарту. 24. Ақжан. 26. Пижам. 27. Рота. 28. Ақық. 29. Навои. 30. Сенат. 32. Сәбит. 34. Нарша. 37. Арзрум. 38. Арлан. 40. Шылдыр. 41. Ақан. 43. Арма. 45. Мый. 46. Табак. 48. Қит. 49. Итбай. 50. Латын. 51. Қазақстан.

Тік оқығанда:

1. Ағатай. 2. Батыр. 3. Қақпақ. 5. Лапка. 6. Бидай. 7. Жүзім. 10. Қыран. 11. Үтір. 13. Асық. 14. Қітапхана. 16. Сыра. 18. «Миллионер». 20. Тұман. 21. Ойрат. 22. Тұтас. 23. Уақыт. 24. Арқан. 25. Жанар. 30. Сезім. 31. Алма. 33. «Абыл». 35. Арша. 36. Арбат. 38. Антей. 39. Нақыл. 42. Қаңбақ. 44. Мыстап. 47. Балық.

Дұрыс жауабын бірінші жіберген

Әнуар ҚАЛАБАЕВ,

Павлодар облысы, Цюруппа ауданы Маралды 7 жылдық мектебі.

КРОССВОРД

Тік оқығанда


1. Байланыс құралы. 2. Оңтүстік-шығыс Европадағы демократиялық елдердің бірі. 3. Адамның алға ұмтылуы. 4. Ата тауық. 5. Қазақтың халық ақыны. 6. Кинокартина. 8. Жамбыл облысының ауданы. 9. Украин ақыны. 12. Заттың түсі. 13. Аяқкіім. 14. Алтынсариннің ертегісінің кейіпкері. 16. Сөйлеу мүшесінің бірі. 21. XIX ғасырдағы орыс ақыны. 22. Бұйым. 25. Төс. 26. Ақ гүлді өсімдік. 27. XIX ғасырдағы орыс жазушысы. 29. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғасы. 30. Адым. 33. Кавказдағы өзен. 34. Мекен. 36. Латын америкасындағы мемлекет. 37. Сан.

Көлденең оқығанда:

7. Негізгі заң. 10. Өлке. 11. Шахтер құралы. 15. Ертегі қаһарманы. 17. Бұйым. 18. Тау ешкісі. 19. Германиядағы басты соғыс қылмыстыларына сот болған қала. 20. Бір дәуірдің адамдары. 21. Кісі аты. 24. Басып алушы. 28. Жер планы. 31. Ағаштың түбірі. 32. Қазақстанның көмір өндіретін орны. 35. Армия. 38. Ең үлкен салмақ өлшеуіші. 39. Әдебиет оқу құралының бірі.

Жіберген Ә. НҰРЖАНОВ.

Алматы.



„БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЫ“



Жауды жеңген жас жігіт армиядан туған жеріне—Келтемасатқа келе жатыр. Әне, жас кезінде талай асыр салған биік тау көрінді. Бірақ тау қойны өзгеріп кеткен. Жігіт өз мекенін танымай қалады. Жаңа қала, жаңа үйлер, жаңа завод! Бұл-Ұлы Отан соғысы кезінде тыл жауынгерлері орнатқан қала—өнеркәсіп қаласы. Қарудан қолы босаған жігіт:

«Тау қуатын тартайық біз
Қатқан қара тастарынан.
От екпінмен асайық біз
Бесжылдықтың асқарынан».

деп бейбіт еңбекке, ел дәулетін шалқытуға білек сыбана кіріседі. Бұл уақытқа ақын Қалижан Бекхожінның «Батырлық жыры» жыйнағындағы «Келтемасат» деген өлеңінде баяндалады.

Қалижан — соғыстан кейінгі уақытта саяси өткір өлеңдермен қатар, мектеп оқушылары, пионерлерге арнап шығармалар жазып қазақ балалары әдебиетін жасауға көмектесіп келеді.

Ақынның бұл жыйнағына 7 баллада, 11 өлең кірген. Олардың көбі осы өзі оқып отырған журнал бетінде басылған, журналдың оқушыларына көптен таныс шығармалар.

Жыйнақтың құндылығы, жас жеткіншектерге қызықтылығы онда кілең батыл жастардың, комсомолецтердің қажырлы еңбегі мен қайраты, майдандағы батырлығы суреттелетіндігі.

Жыйнақ «Жігіт» деген тамаша өлеңмен ашылады. Ақын бұл өлеңде большевик партиясынан қуат алған, қажымас қайраттың, жеңудің, ел мүддесін ойлаудың бейнесі болған жас жігіт — комсомолецті жырлайды. Жас жігіттің «өмірге күш толқытқан» қайраты Отанымыздың сарқылмас қуатын аңғартқандай болады.

Ақын «Комсомол билегі туралы балладасында» комсомолецтің қалтасындағы билеті жанындай қымбат, арындай қасиетті екенін айта келіп:

«Ол — белгісі жалынды жас шағының,
Ол — ишандығы жүрегіннің оты бар.
Ол күрсі отаншылдық арының —
Көзіне ыстық онда Ленин аты бар»

деп, жас буындарға түсіндіре кетеді.

«Алма бетгі жас бала» деген өлеңде ақын балаларды қажымай-талмай білім алуға шақырады, өмірдің сыры кітаптан табылатынын ұғындырады:

Жыйнақта оқушы, пионерлердің ынтыға оқыттын шығармасы — «Сержант Беляков» атты баллада. Біздің еліміздің күш-қуатының қайнар бұлағының бірі — халықтар достығы. Ақын бұл достықтың әрі балдай тәтті, әрі құрыштай берік екенін асқан мақтаныспен, айрықша шабытпен жырлайды.

«Қызғалдақ», «Партизандар», «Ер Чапай туралы жыр» — бұлардың бәрі батырлық жырлары. Қалижан бұл өлеңдерде жаудың қаталдылығын, азулы жау екендігін, бірақ оны совет адамдары жеңе білгендігін, сөйтіп қиын күресте, ашынған арпалыста біздің адамдарымыздың тарихта теңдесі жоқ батырлық көрсеткенін айтады. Бұл батырлықтың көзі қайда? Ол — Отанды жаңтанімен сүйе білуден, жауды жеккөруден туатын батырлық. Бұл батырлық істердің бәрі жас жеткіншектерге үлгі-өнеге болмақшы.

Балалар! Бұл құнды жыйнақты жазғы демалыс күндерінде ұйымдасып оқындар.

М. МАРАЛДИН.

МАЗМҰНЫ

	Бет.
Жас пионерлердің салтанатты уәдесі	мұқабаның II беті.
Пионерлер салтанаты	2
Б. Исақов пен Б. Физатов — Жас пионерлер жыры (ән)	3
И. Көбеев — Оқу-білім азығы	4
С. Мұқанов — Біздің мақтанышымыз	5
Х. Чурин — Тамаша ғылым	5
Қ. Қуанышбаев — Шоласыз, бақытты шақ	6
Эрқашанда дайын болындар, достар!	7
ҚЛКЖО Орталық Комитетінде	7
Қ. Шарипов—Мол өнім звеносы	8
Е. Мырзахметов — Көкшенің көркі	9
Қ. Мұсабеков — Кітап адамның досы, әрі ақылшысы	10
Н. Жазылбеков — Абай ұрпақтары	10
Ж. Молдағалиев—пионер жазы	11
Ә. Сыдықов—халқымыздың ұлы ағартушысы	12
Ы. Алтынсарин — Қысқа әңгімелері	13
Т. Сағынбаев — Егіс басында	14
В. Охотников—өнерпаздар (пьеса)	16
Ф. Юмашев — Біздің шетелдердегі достарымыз	20
Қ. Тұрғанбаев — Антон Павлович Чехов	22
В. М. Зимин—жазғы спорт ойындары	22
М. Зверев — Жарқанат	23
Жауаштар	23
Кроссворд	23
М. Маралдин — «Батырлық жыры»	24
«Жас пионерлер жыры» әнінің нотасы	мұқ. III беті.

Красоворуд

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор) Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сыдықов, А. М. Черкасский.

Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 21-VII 1949 г. УГ02511
Объем 3. п. л. Тираж 10.000
Гостипография № 3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР - г. Алма-Ата. Заказ № 551

466421

„Жас пионерлер жыры“ өнінің нотасы

(Сөзі журналының 3 бетінде)

көңілді

Handwritten musical notation for the first system. It consists of a vocal line on a single staff and a piano accompaniment on two staves. The key signature has one sharp (F#) and the time signature is 3/4. The lyrics under the vocal line are "Біз-Иль-ич-тің урпа-".

Handwritten musical notation for the second system. It consists of a vocal line on a single staff and a piano accompaniment on two staves. The lyrics under the vocal line are "-ғы-мыз, Ұ-лы-ста-ли Ұ-лы-мыз- мой-ны-мыз-да ғалс-тук бар,".

Handwritten musical notation for the third system. It consists of a vocal line on a single staff and a piano accompaniment on two staves. The lyrics under the vocal line are "Қол-да қы-зыл ту-ы - мыз - мой-ны-мыз-да ғалс-тук бар қол-да қызыл ту-ы-".

Handwritten musical notation for the fourth system. It consists of a vocal line on a single staff and a piano accompaniment on two staves. The lyrics under the vocal line are "- мыз". There are some handwritten annotations in the piano part, including "p" and "a. a. a."



Костер бабында